



Газет 1930 жылдың 10 қазанынан шыға бастады

Гарнизондар қызметі тексерілді

Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылықов өңірлердегі әскери инфрақұрылым нысандарын және алдағы оқу-жаттығуларға дайындық барысын тексерді.

Қонаев гарнизонының «Жағалау» полигонында Қорғаныс министрі Десанттық-шабуылдау әскерлері қолбасшысының баяндамасын тыңдады. Генерал-майор Алмаз Жұмакеев ҰҚШҰ-ның «Мызғымас бауырластық-2024» ұжымдық бітімгерлік күштерімен өтетін оқу-жаттығуға дайындық барысы туралы баяндады. Армия авиациясының тікшағымен «Шошқалы» полигонын айналып ұшып өтті.

Министр 65229 әскери бөліміне барып, әскери нысандарды аралап, Әуе шабуылына қарсы қорғаныс әскерлерінің авиациялық техникасы мен қару-жарағын қолдану шарттарымен танысты.

Қарулы күштері Мемлекеттік әскери-тарихи музейінің филиалында Қорғаныс министрі нысанның аумағын ұлғайту және

көмек көрсету қажеттігін атап өтті.

Қорғаныс министрі, генерал-полковник Руслан Жақсылықов Шымкент қаласына барған сапарында авиация базасында «Оңтүстік» өңірлік қолбасшылығы әскерлерінің қолбасшысы, генерал-майор Қуанышбек Үштаевтың құрамалар мен әскери бөлімдердің жауынгерлік және жұмылдыру дайындығы туралы баяндамасын тыңдады.

Сонымен бірге Шымкент қаласының әкімі Ғабит Сыздықбековпен кездесіп, әскери инфрақұрылым нысандарын салу, оларды жөндеу және пайдалану саласындағы ынтымақтастық мәселелерін талқылады.

Шымкент гарнизонының 36814 әскери бөлімінде генерал-полковник Руслан Жақсылықов командирдің бөлімшелердің мақсаттары, жауынгерлік мүмкіндіктері мен жасақталуы туралы баяндамасын тыңдады. Қорғаныс министрі жауынгерлік даярлықтың сапасын арттыруға, бөлімнің қару-жарақпен және әскери



экспозициялық залдарды жаңарту мақсатында жүргізіліп жатқан жөндеу және қалпына келтіру жұмыстарының барысын тексерді. Музей бастығы Алуа Байқадамовамен кездесуде генерал-полковник Руслан Жақсылықов жұмыстарды сапалы және уақтылы орындау қажеттігіне назар аударды.

Сапар аясында сала басшысы Қорғаныс министрлігінің Бітімгерлік операциялар орталығына да ат басып бұрып, инфрақұрылымдық нысандарды аралап, ұлттық контингентті БҰҰ-ның Голан жоталарындағы бітімгерлік миссиясына жіберуге қатысты бірқатар нұсқау берді.

Алматы қаласындағы Орталық әскери емханаға барған кезде қорғаныс ведомствосының басшысы мекеменің емдеу-диагностикалық жабдықтармен, тиісті құралдармен және дәрілік заттармен қамтамасыз етілу барысымен танысты. Министр бекітілген контингентке сапалы амбулаторлық-емханалық және консультациялық-диагностикалық

техникамен жарақтандырылуына баса назар аударды. Бұның бәрі әскери қызметшілердің моральдық-жауынгерлік рухына байланысты екенін атап өтті.

Бұған қоса қорғаныс саласының басшысы әскери бөлімдерде әскерилерге жасалған тұрғын үй-тұрмыстық жағдаймен танысып, қазармаларды, асханаларды және әлеуметтік-мәдени нысандарды аралады.

Шымкент қаласындағы Әуе қорғанысы күштерінің авиабазасында Руслан Жақсылықов ұшу экипажына пилотаж және авиациялық зақымдау құралдарын қолдану міндеттерін пысықтауға мүмкіндік беретін бөлімнің инфрақұрылымын, авиакомпанияларды қарады.

Жұмыс сапарының соңында Қорғаныс министрі жауынгерлік даярлықтың сапасын арттыру, әскерлердің жауынгерлік әзірлігі және әскери инфрақұрылым объектілерін жайластыру жөнінде бірқатар тапсырма берді.

«Созақ үні»-ақпарат.



Президент Қатар Әмірімен келіссөз жүргізді

Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев Қатар Мемлекетінің Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәнимен келіссөз жүргізді.

Мемлекет басшысы Қатар Әмірінің шақыруын зор ризашылықпен қабыл алғанын жеткізді. Президент осы елге алғаш рет мемлекеттік сапармен келіп отырғанын, сондықтан оның мән-маңызы ерекше екенін атап өтті.

«Қатар-ислам әлеміндегі біздің сенімді әрі маңызды әріптесіміз. Екі елдің қарым-қатынасына тың серпін беретін кез келді деп ойлаймын. Қазақстан мен Қатар байланыстарын толық стратегиялық әріптестік деңгейіне көтеруді ұсынамын. Сапар кезінде өте маңызды құжаттарға қол қойылады. Бұл келісімдер біздің ынтымақтастығымызды стратегиялық деңгейге көтереді. Біз үшін Қатар өте ерекше ел, сіздермен байланыстарымызды жоғары бағалаймыз. Сондықтан бұл қатынастарымызды одан әрі дамыту үшін күш-жігерімізді саламыз. Бізге көрсетілген қонақжайлылығыңызға ризашылығымызды білдіреміз», деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Қатар Мемлекетінің Әмірі шейх Тәммим бен Хамад Әл Тәни Қазақстан Президенті сапарының мән-маңызына тоқталды.

«Жоғары Мәртебелі Президент мырза, біздің елімізге ең алғашқы мемлекеттік сапармен келіп отырғаныңызға қуаныштымын. Бүгінгі келіссөздер екі ел арасындағы қарым-қатынастарды еселей түсетініне сенемін. Біз Астанада да кездестік. Бүгінгі жүздесуіміз бұрынғы келіссөздер негізінде қол жеткізілген уағдаластықтардың жүзеге асырылуын қадағалап, алдағы жоспарларды айқындауға мүмкіндік береді. Екіжақты ынтымақтастық аясында энергетикалық, сауда-экономикалық және инвестициялық жобаларды іске асыруға мүдделіміз. Осы сапар аясында біздің елдің ірі бизнес өкілдерімен кездесулер өткізесіз. Бұл аталған салалардағы ықпалдастықты ілгерілетуге тың серпін беретініне сенімдімін», деді Қатар Мемлекетінің Әмірі.

Мемлекет басшысы қазір қазақ-қатар қарым-қатынастары кейінгі 30 жылда

ең жақсы кезеңді бастан өткеріп отырғанын атап өтіп, Әмірдің Астанаға жасаған мемлекеттік сапарын еске салды.

Президенттің айтуынша, екі ел арасында тығыз саяси диалог, кеңейіп келе жатқан экономикалық серіктестік және табысты мәдени-гуманитарлық байланыстар қалыптасқан. Қос тарап арасында соңғы үш жылда қол қойылған келісімдер әртүрлі саладағы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға берік негіз болды.

Қасым-Жомарт Тоқаев Қатарды жақын болашақта Қазақстандағы ең ірі инвесторлардың ондығына кіреді деп есептейтінін жеткізді. Президент Қазақстанның Қатар нарығына жалпы құны 250 миллион доллар болатын 60 шикізаттық емес тауар түрі бойынша экспортты ұлғайтуға дайын екенін айтты. Сонымен қатар жақын арада тауар айналымын 500 миллион долларға дейін арттыру туралы айтылды.

Келіссөз барысында ауыл шаруашылығы, көлік-логистика, туризм мәселелері талқыланды. Атап айтқанда, Мемлекет басшысы Қатарды Шығанақ пен Орталық Азияны байланыстыратын интермодальды көлік желісін дамыту үшін күш-жігер біріктіруге шақырды. Бұл аймақтағы экономикалық белсенділікті ынталандыруға ықпал етеді. 2030 жылға қарай суармалы жер көлемін 3 миллион гектарға дейін ұлғайтуды жоспарлап отырған еліміз қазір бидай мен ұн өндіру бойынша әлемде алғашқы ондыққа кіреді. Қасым-Жомарт Тоқаев ауыл шаруашылығы саласындағы ынтымақтастықты арттыруға негіз бар екеніне назар аударды.

Сонымен қатар мәдени-гуманитарлық байланыстарды нығайту мәселесі талқыланды. Мемлекет басшысы 2025 жылы екі ел астаналарында Қазақстан мен Қатардың мәдениет күндерін ұйымдастыруды ұсынды. Бұл шаралар мәдени мұрасы бай екі халықты жақындата түсетініне сенім білдірді.

Бұдан бөлек, аймақтық және халықаралық күн тәртібіндегі өзекті мәселелер қарастырылды.

Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл



ымға жол тартты. Мерекеге орай шығарылған кітаптың тұсауын аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды мен аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов кесіп, кітап авторына шығармашылық табыстар тіледі.

Сонымен қатар, «Ерлікке тағзым» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бегалы

АУҒАН СОҒЫСЫНЫҢ АРДАГЕРЛЕРІ ҚҰРМЕТТЕЛДІ

Кеңес әскерінің Ауғанстан жерінен шығарылғанына 35 жыл толуына орай «Ауғанның асуында от кешкендер» атты салтанатты жиын өтті. Жиын соғыста бақилық болған жауынгерлерді бір минут үнсіздікпен еске алумен басталды.

Шараға арнайы қатысқан аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Сатыбалды мерекелік құттықтауын жеткізді. Ауған соғысының ардагерлеріне 35 жылдық мерекелік медалін және аудан әкімінің алғыс хаты мен сый-сияпатын табыс етіп, құрмет көрсетті.

Сонымен қатар, аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов, аудандық қорғаныс істері жөніндегі бөлім бастығы, майор Қуанышбек Құлымбаев ардагерлерге деген ізгі тілектерін арнап, Созақ аудандық мәслихатының депутаты Базарбай

Нұрланұлы аудандық мәслихат аппаратының атынан арнайы дайындалған сыйлықтарды табыстады.

«Ерлікке тағзым» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бегалы Омарбекұлы мен ардагер Мұхамеджан Бабаев және Көпберген Елеусізұлы шараны ұйымдастырып, игі іске арқау болған барша азаматтарға Ауған соғысы ардагерлерінің атынан алғыстарын жеткізді. Сондай-ақ «Ерлікке тағзым» қоғамдық бірлестігінің төрағасы Бегалы Омарбекұлы қызмет атқаратын «Құтқарушы-Таукент» ЖШС-нің жумы атынан серіктестіктің директоры Болат Сәдуов сахна төріне шығып, ыстық ықыласын білдірді.

Одан соң Қазақстан Жазушылар одағының мүшесі Мақсат Қарғабайдың шығарған «Ерлік-ұрпаққа аманат» атты кітабының тұсауы кесіліп, оқырман қау-

Омарбекұлы жазушы Мақсат Қарғабайды Республикалық ауған соғысы ардагерлері қоғамдық бірлестігінің төрағасы, соғыс ардагері, Халық қаһарманы Бақытжан Ертаевтың атынан «Сауап» медалімен марапаттады.

Айта кетейік, Ауған ардагерлеріне арналған кітаптың баспадан шығуына аудан аумағында жұмыс істеп жатқан «CentralAsia MainingCo» ЖШС-нің атқарушы директоры Рақымжан Сейітжанов демеушілік танытты.

Салтанатты жиын аудандық «Мыңжылқы» мәдениет үйі өнерпаздарының орындауындағы патриоттық әндермен өрнектелді. Шара соңында ардагерлер ақ дастархан басында бас қосты. Арнайы ас беріліп, құран бағышталды.

«Созақ үні»-ақпарат.

Келелі кеңестің V-Пленумы өтті

Өткен аптаның қасиетті жұма-сы күні «Мыңжылқы» мәдениет сарайында аудандық ардагерлер кеңесінің V- Пленумы өтті. Пленумды Аудандық ардагерлер Кеңесінің төрағасы Қ.Еспенбетов жүргізіп төрағалық етіп отырды. Пленум жұмысына Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің Пленум мүшелерінен 41-кісі, бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары, «Әжелер алқасының» төрайымдары, «Әкелер мектебінің» төрағалары шақырылған. Сол сияқты пленум жұмысына аудан әкімінің орынба-

елсіздік құндылықтарын қорғаудың, ата-баба дәстүрін сақтаудың негізгі қағидалары отбасында берілер тәрбиеден бастау алатындығын нақтылайтын іс-шаралар ұйымдастырылып, ардагерлердің жастарға қоғамдық – саяси тәрбие берудегі жұмыстары жандандырылсын; Ауыл, кент ардагерлер ұйымдарының төрағаларына, «әжелер алқасының» төрайымдарына, «әкелер мектебінің» төрағаларына нақтыланған қызмет шеңберінде жұмыстарды жандандырып, ұрпақ тәрбиесінде маңызы бар



сары Маманов Серік Сахиұлы, аудандық мәслихаттың төрағасы Жамиев Ордабек Мырзабекұлы, тиісті бөлім басшылары, БАҚ өкілдері қатысып отырды. Пленумның күн тәртібіне сай алдымен аудандық ардагерлер кеңесінің 2023 жылғы атқарған жұмыстары туралы аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қабылбек Еспенбетов баяндама жасады. Сондай-ақ аудандық ардагерлер кеңесінің 2024 жылға арналған іс-шаралар жоспары туралы кеңес төрағасының хабарламасы тыңдалып, ұйымдастыру мәселелері қаралды. Ардагерлер кеңесінің атқарған жұмыстарына қатысты бірқатар азаматтар өз пікірлерін айтты. Пленум барысында аудан әкімінің орынбасары Серік Мамановпен аудандық мәслихаттың төрағасы Жамиев Ордабек Мырзабекұлы құттықтау сөз сөйлеп бірқатар ардагерлерімізді аудандық мәслихат пен аудан әкімінің алғыс хаттарымен марапаттады. «Аманат» партиясының Созақ ауданының филиалының төрағасы Құралбекұлы Ернар да бірқатар ардагерлерімізді Партия атынан марапаттады. Осы тұста елеулі еңбектері үшін облыстық ардагерлер кеңесінің құрмет грамотасы белсенді ардагерлерімізге салтанатты түрде табысталды. Күн тәртібіндегі мәселелер бойынша «Пленум аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Еспенбетовтің 2023 жылғы атқарған жұмыстары туралы есепті баяндамасы назарға алынсын және мақұлданды. Барлық бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағаларына ауылдағы ардагерлердің есепке тіркелуін толық қамтамасыз ету арқылы, бастауыш ардагерлер ұйымындағы ардагерлердің қатарын көбейту тапсырылсын. Ауыл, кент бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары ардагерлердің материалдық, моралдық, тұрмыс жағдайын, оларға қызмет көрсетудің мәдени-тұрмыстық, медициналық және басқа түрлерін жақсартуға тұрақты ықпал етсін; Ауыл, кент ардагерлер ұйымдарында «Тәуелсіздікке 33 жыл», Отанды сүюдің, Тәу-

тақырыптарды кең түрде насихаттау міндеттелсін; Пленумда айтылған ұсыныс-пікірлер тиісті орындарға жеткізіліп, ұйымдастыру жұмыстарын жүргізу сұралсын. Осы қаулының орындалуын қамтамасыз ету аудандық ардагерлер кеңесінің төралқа мүшелеріне тапсырылсын» деген Қаулы қабылданды. Екінші мәселе аудандық ардагерлер кеңесінің төрағасы Қ.Еспенбетовтың хабарламасын талқылай келіп, «Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің V-пленумы 2024 жылдың 26 қаңтарында аудандық ардагерлер кеңесінің төралқа отырысында бекітілген іс-жоспарға толықтырулар мен өзгерістер енгізуге байланысты қайта бекітілсін. Іс-шаралар жоспарын басшылыққа алып жұмыс жүргізу, бастауыш ардагерлер ұйымының төрағаларына «Әжелер алқасының» төрайымдарына, «Әкелер мектебінің» төрағаларына және аудандық ардагерлер кеңесінің төралқа мүшелеріне міндеттелсін деген Қаулы қабылдады. Күн тәртібіндегі үшінші ұйымдастыру мәселесі туралы Қ.Еспенбетов хабарлама жасалып ардагерлер кеңесінің мүшелері толықтырылды. Аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелігіне Қаратау ауылының ардагерлер кеңесінің төрағасы болып жаңадан сайланған Омаров Іргебайдың, Таукент кенті ардагерлер кеңесінің төрағасы Бекішов Досымхан Әбиұлының, Жуантөбе ауылдық ардагерлер кеңесінің төрағасы Жақсыбекұлы Амандықтың және аудандық білім бөлім бастауыш ардагерлер ұйымының төрағасы Бименов Дәуітқалидың, «Сырлы Созақ» хор ұжымының мүшесі, белсенді ардагер, Иманбеков Мұхаммедәлидің, Қазақстан Жазушылар және Журналистер одағының мүшесі, ақын, жазушы Өмірбек Гүлнар Есіркепқызының кандидатуралары ұсынылып, бірауыздан бекітілді. Сонымен аудандық ардагерлер кеңесінің V- Пленумы өз жұмысын аяқтады.

(Пленумда жасалған баяндаманы 4-5 беттерден оқисыздар).

Мақсат ҚАРҒАБАЙ.

2024 жылғы «18» ақпанда өткен Түркістан облысы Таукент кентінің әкімін сайлау қорытындылары туралы ХАБАРЛАМА

2024 жылғы 18 ақпанда Түркістан облысы Таукент кенті әкімінің сайлауы өтті.

Сайлаушылар тізіміне 4373 азамат енгізілді. Дауыс беруге -2729 сайлаушы, оның ішінде есептен шығару куәліктері бойынша - 0, дауыс беруге арналған үй-жайлардан тыс -7 қатысты.

Кандидаттардың жалпы саны -2.

Таукент кенті әкімін сайлауының мынадай қорытындылары белгіленді:

Таукент кенті бойынша Әділбеков Мұхтар Бижігітұлы үшін сайлаушылардың - 662 дауысы берілді.

Даулетбаев Елдос Орынбасарұлы үшін сайлаушылардың - 2030 дауысы берілді.

«Барлығына қарсы» белгісі бар бюллетеньдер саны - 37.

Сайлау қорытындыларымен Таукент кенті әкімі болып

-Даулетбаев Елдос Орынбасарұлы сайланды, 1990 жылы туған, Түркістан облысының жұмыспен қамтуды үйлестіру және әлеуметтік бағдарламалар басқармасының «Еңбек мобильділігі орталығы» коммуналдық мемлекеттік мекемесінің «Созақ аудандық мансап орталығы» филиалы директоры,

Түркістан облысы, Созақ ауданы, Шолаққорған ауылдық округі.

Созақ аудандық аумақтық сайлау комиссиясы.




Алматыдан жеткен қымбат сый

Жақында Созақ ауданы «Қарағұр» жалпы білім беретін мектеп коммуналдық мемлекеттік мекемесінің кітапханасына Алматыдан тосын сый келді. Қазақстан Республикасының басшысы Қ.К.Тоқаевтың «Оқуға құштар мектеп» жобасы бағдарламасы аясында көптеген іс-шаралар ұйымдастырылып келеді. Кітап қорын толықтыру, оқырмандардың қызығушылығын арттыру, көпшілік алдында өз ойларын ашық айтуға, оқыған кітаптарымен бөлісуге, тіл байлығын арттыруға ықпал етуді мақсат етеміз.

Осыған байланысты 14 ақпан «Кітапханаға кітап сыйла» акциясына орай мектеп кітапханасына ауылдан шыққан меценат азамат, кәсіпкер, «Abdi» компаниясының Президенті техника ғылымдарының кандидаты Абдібек Бимендіев Шәріпбекұлы 100 кітап сыйға тартты. Кітаптардың ішінде бүгінгі оқушыларымыз үшін ең керекті, маңызды, құнды кітаптар молынан екен. Атап айтқанда, «Қазақстан тарихы мен мәдениетінің үлкен атласы», «Абай жолы» кітабының толық томдары, тұрмыс -салт жырлары, шешендік сөздер, мақал-мәтел, жұмбақтар және ақын-жазушыларымыздың кітаптары бар. Осы орайда мектеп ұжымы болып кең пейілділікпен жомарттық танытқан жерлесімізге шексіз алғысымызды білдіреміз.

Жанат МҰСАЛИМОВА,
«Қарақұр» жалпы орта мектебінің кітапханашысы.

Қазақстан Республикасының Қаржы нарығын реттеу және дамыту агенттігі

**FinGramota**
Халықтың қаржылық сауаттылығын арттыру**Кәсіпкерлерге арналған
жалпыға бірдей декларациялау:
НЕЛЕР ЖӨНІНДЕ БІЛУ ҚАЖЕТ**

2024 жылы жалпыға бірдей декларациялаудан бизнес иелері мен олардың жұбайлары өтуге тиіс. Бұл ретте кәсіпкерлік қызметтің ауқымы, кіріс мөлшері маңызды емес – декларацияны барлығы толтыруға міндетті. FinGramota.kz-тің материалында жалпыға бірдей декларациялаудың қыр-сыры жөнінде айтып береміз.

Салық салу – бұл мемлекеттік басқарудағы басты функциялардың бірі, сондай-ақ қоғамның экономикалық және әлеуметтік даму жолындағы негізгі талаптардың бірі.

Жалпыға бірдей декларациялау жүйесіне кіретін бірінші жылы активтер мен міндеттемелер туралы декларация ұсынылады (нысан 250.00). Екінші жылдан бастап кірістер мен мүліктер жөнінде декларация ұсыну қажет (нысан 270.00). Бұл ретте, жалпыға бірдей декларациялау бір жолғы емес, жыл сайын ұсынылатынын атап өтеміз.

Сондай-ақ, декларацияны қызметін уақытша тоқтатқан және мүлдем тоқтатқандар ұсынуға тиіс екендігін естен шығармау қажет. Сондықтан бизнес иелерінің екі жолы бар: не жеке кәсіпкерлікті алдын ала жабу не декларация ұсыну. Бұл талап филиалдар мен өкілдіктердің басшыларына қолданылмайды.

Декларацияның үлгі нысанын ҚР Қаржыминінің Мемлекеттік кірістер комитетінің www.kgd.gov.kz сайтында «Жалпыға бірдей декларациялау» бөлімінде және Салық төлеушінің кабинетінде «Салық есептілігінің нысандары» бөлімінде оқып білуге болады.

Декларацияны екі форматта – қағаз және электрондық түрде беруге болады. Бірінші жағдайда декларациямен ХҚО-ға келуге немесе тапсырыс хатпен мемлекеттік кірістер департаментіне жіберуге болады. Электрондық түрдегі декларациялар Салық төлеушінің кабинеті, eGov порталы, сондай-ақ eSalyq Azamat және eGovmobile қосымшалары арқылы қабылданады.

Декларацияны 2024 жылғы 15 қыркүйектен кешіктірмей ұсыну қажет. Декларацияда мүлікті сатып алу және/немесе сату, оны сыйлыққа немесе мұраға алу, сондай-ақ ел аумағынан тысқары мүлікті қоса алғанда, мемлекеттік немесе басқа тіркелуге тиіс мүлік туралы ақпаратты көрсету қажет. Мұндай мүліктертізбесіне, мыналар кіреді:

- жылжымайтын мүлік және жер телімдері, Қазақстан аумағынан тыс жерлердегі жер үлестерін қоспағанда;
- көлік құралдары: Қазақстаннан аумағынан тыс жерлерде ұшақ, кеме, автомобиль, мамандандырылған техника;
- шетел компаниясындағы үлес;
- тұрғын үй құрылысына үлестік қатысу туралы шарттар бойынша тұрғын үйлердегі үлестер;
- зияткерлік меншік және авторлық құқық объектілері;
- инвестициялық алтын;
- бағалау құны болған кезде құны 1 000 еселенген АЕК-тен асатын өзге де мүлік;
- егер олар жиынтығында 1 000 еселенген АЕК-тен асатын болса, Қазақстан аумағынан тыс орналасқан шетелдік банктердегі банктік шоттардағы ақша;
- 1 000 еселенген АЕК шегінен аспайтын сомадағы қолма-қол ақша;
- нотариат куәландырылған қарыз шарттары. Мұнда қарызды берген тұлға мен қарыз алушы есеп беруге тиіс.

Жалпыға бірдей декларациялауға қалай дайындалу қажет:

- егер сізде 10 000 АЕК-тен асатын мөлшерде ақша қаражаты бар болса, онда банкке салыңыз, осылайша ол бас-тапқы декларацияда көрінетін болады;
 - егер сізде жұмыс істемейтін ЖШС немесе ДК бар болса, онда оның жабуға тырысыңыз;
 - егер жеке тұлғалардан алатын қарыздарыңыз болса, онда мұндай қатынасты 2024 жылғы 31 желтоқсанға дейін ресімдеп алыңыз;
 - егер сіздің құны 1000 АЕК-тен асатын мүлігіңіз бар болса, бағалауды 31.12.2023ж. декларация беру мерзіміне дейін жүргізу қажет;
 - егер сіз 2024 жылы ірі сатып алуды жоспарласаңыз, онда оны декларацияда қалай көрсететінін анықтап алыңыз.
- Қаржылық сауаттылығыңызды арттырыңыз және FinGramota.kz-пен бірге барлық жаңалықтардан хабардар болыңыз!

**Аудандық ішкі саясат
бөлімінің тапсырысымен.**

**Мұрагерлік бойынша қарыздар мен
міндеттемелер: сұрақтарға жауаптар**

Мұраны ресімдеуге байланысты мәселелер Қазақстанның барлық азаматтарына қатысты және әрқашан өзекті. Мұрагерлік жағдайында заңды білмеу барлық процестерді едәуір қиындатады және тіпті жаман салдарға әкелуі мүмкін. FinGramota.kz мұрагерге қандай қарыздар және қандай мөлшерде өтетіндігі және олардан қалай бас тартуға болатындығы туралы бөліседі.

**Мұрагерлерге қандай
борыштар берілуі
мүмкін?**

Қазақстан Республикасы Азаматтық кодексінің (бұдан әрі – ҚР Азаматтық кодексі) 1038-бабына сәйкес қайтыс болған азаматтың мұрасы әмбебап құқықтық мирасқорлық шарттарында мұрагерге (мұрагерлерге) бірлік ретінде өтеді. Мұраның құрамына мұра қалдырушыға тиесілі мүлік, сондай-ақ оның қайтыс болуымен өмір сүруі тоқтатылмайтын құқықтар мен міндеттер кіреді (ҚР АҚ 1040-бабы).

АК-нің 6-бөлімінің 1040-бабы 1-тармағының бірінші бөлігіне сәйкес мұраның құрамына мұра қалдырушыға тиесілі мүлік, сондай-ақ оның қайтыс болуымен өмір сүруі тоқтатылмайтын құқықтар мен міндеттер кіреді.

Мұраның құрамына мұра қалдырушыға қайтыс болған күні тиесілі заттар, өзге де мүлік, оның ішінде мүліктік құқықтар мен міндеттер, яғни борыштар кіреді.

Жалпы ережелер бойынша коммуналдық төлемдер бойынша, кредитор бойынша борыштар, салық қызметтері есептеген шарттық борыштар, өсімшұлар, айыппұлдар мен айыппұлдар және т. б. мұраға жатады. Яғни, егер мұра қалдырушы тірі кезінде коммуналдық қызметтерді, айыппұлдарды және өз кредиторлар төлемесе, онда төлемдер тікелей мұра алушыға өтеді.

Мұраны алу үшін мұрагер оны қабылдауы керек екенін атап өтеміз.

Мұраның құрамына мұра қалдырушының жеке басына тікелей байланысты құқықтар мен міндеттер кірмейді. Мысалы: адамның өміріне немесе денсаулығына келтірілген зиянды өтеу құқығы; алименттер; егер заң актілерінде немесе шартта өзгеше белгіленбесе, заңды тұлғалар болып табылатын ұйымдарға мүше болу құқықтары; зейнетақы төлемдеріне құқықтар; еңбек заңнамасы және Қазақстан Республикасының әлеуметтік қамсыздандыру саласындағы заңдары негізінде жәрдемақылар мен басқа да төлемдер; мүліктік құқықтармен байланысты емес мүліктік емес жеке құқықтар.

**Мұра қалдырушыда
берешектің бар-жоғын
қалай анықтауға болады?**

Сіз бұл мәселені мұраны ресімдеумен айналысатын

нотариус арқылы біле аласыз. Мұра қалдырушыдан сақтандыру рәсімделді ма және оның қайтыс болуы сақтандыру жағдайы болып табыла ма деген ақпаратты алу мүмкіндігі болуы мүмкін. Бұл мәселелер, әдетте, сақтандыру шартында жазылған. Есіңізде болсын, кредиторлардың құқығы ескіру мерзімі ішінде жүзеге асырылуы мүмкін. Қазақстанда талап қоюдың жалпы мерзімі ҚР Азаматтық Кодексінің 178-бабына сәйкес үш жылға белгіленеді.

Бұл ретте Қазақстан Республикасының банк заңнамасында банктік қарыз шарттары орындамау және (немесе) тиісінше орындамау бойынша талап қою мерзімі бес жыл болып белгіленген.

**Қарыздар мұраның
нарықтық құнын қалай
бабатындығын қалай
білуге болады?**

Мұра қалдырушы мүлкінің нарықтық құнын белгілеу үшін мүлікке бағалау жүргізу қажет. Мүлікті бағалаушы мамандандырылған бағалаушы компаниялар жүзеге асырады. Мүлікті бағалау мұраны қабылдау енгенге дейін жүргізілуі керек екеніне назар аударыңыз, өйткені бағалауды қайта қарау мүмкін болмайды. Алынған мәліметтер қарыздардың алынған мұраға сәйкес келетіндігін түсініп қана қоймай, мемлекеттік баж салығын есептеу үшін пайдалы болады.

**Мұрагерлік бойынша
қарыздарды қабылдаудан
бас тартуға бола ма?**

Иә, мұрагер мұра ашылған күннен бастап алты ай ішінде мұрадан бас тартуға құқылы. Мұраның бір бөлігінен бас тартуға, ескертпелермен немесе шартпен мұрадан бас тартуға жол берілмейді.

Қалай болғанда да, сіз мүлікті-пәтерді/автокөлікті/жер телімін қабылдап, әрі қарызды (ипотека немесе кредит) төлеуден бас тарта алмайсыз. Егер сіз мүлікті қабылдауға шешім қабылдасаңыз, онда оған тығыз байланысты қарыздарды қабылдауға тура келеді. Заң бойынша және өсиет бойынша мұрагерлер қарыздар бойынша жауап береді. Егер сіз мұраны қабылдау туралы шешім қабылдаған болсаңыз, онда сіз еш жерде өтініш жасай алмайсыз және өз құқықтарыңызды мәлімдей алмайсыз. Бірақ бұл жағдайда сіз ешқандай әрекет жасамауыңыз керек, яғни мұра қалдырушының мүлкін пайдалану, коммуналдық қызметтерді төлеу, жөндеу жұмыстарын жүргізу және т.б. Егер сіз білместен мұраны қабылдау туралы өтініш берген болсаңыз және кейінірек ойыңызды өзгерткен болсаңыз, онда сіз мұраға құқықтар туралы куәлік алғанға дейін нотариусқа мұрадан бас тарту туралы өтініш беруіңіз керек.

Әйтпесе, осы құжатты алғаннан кейін сіз мұрадан тек сот арқылы бас тарта аласыз.

**Мұрагерлік борыштарды
қалай өтеуге болады?**

Егер сіз мұрагерлік құқығына ену және мұра қалдырушының борыштарын қабылдау туралы шешім қабылдасаңыз, онда сіз төлемдерді бастапқы қарыз шартында көрсетілген, белгіленген өтеу кестесі бойынша төлейсіз. Сіз өтеу кестесіне қанағаттанбауыңыз мүмкін немесе сіз мерзімінен бұрын төлем жасағыңыз келеді - осы мәселелердің барлығы кредитормен талқылануы керек. Осылайша сіз қажетсіз проблемалардан аулақ бола аласыз және қарызға батпайсыз.

**Борышкер қайтыс
болғаннан кейін төлемді
кешіктіргені үшін қарыздар
өсуі мүмкін бе?**

Әдетте, кредитор қарыз алушы қайтыс болған күнгі айыппұл мөлшерін белгілейді. Нотариуста мұрагердің қарыздары бар-жоғын алдынала анықтап, айыппұл есептемеу және мұрагерлік құқығына енгенге дейін қарызды «тоқтатуды» талап ете отырып, кредиторларға қайтыс болуы туралы куәлікті тездетіп берген дұрыс. Егер кредитор айыппұл пайыздарын есеп қойған болса, Сіздің қайта есептеуді талап етуге құқығыңыз бар.

**Мұрагер кәмелет жасқа
толмаған болса, не істеу
керек?**

Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде кәмелет жасқа толмаған мұрагерлер үшін мұра қалдырушының міндеттемелері бойынша ерекшеліктер белгіленбегенін атап өткен жөн. Кәмелет жасқа толмаған баланың қамқоршылары болғандықтан, қамқоршылар оның атынан мұрагерлік құқыққа ие болады, тиісінше, қамқоршылар мұрагерлік құқыққа ие болғаннан кейін қарыздарын төлейді.

**Мұрагер өзін банкрот деп
жариялай ала ма?**

Қазақстанда жеке тұлғаның банкроттығы заңнамада қарастырылмаған. Егер сіз пәтерді немесе үйді мұра етсеңіз, мүліктің кепілге қойылғанына назар аудару керек. Бұл жағдайда кредитор Сізден қарызды қабылдауды талап етуге немесе кепілге қойылған мүлікті сатуға құқылы.

Мұрагерлік рәсімінде нотариусқа қою керек көптеген сұрақтар туындайды. Мұраны қабылдамас бұрын, бәрін мұқият талдап, асығыс әрекет жасамауды ұсынамыз. Егер Сіз басқа адамның қарыздарын төлей алмасаңыз, онда Сіздің бүкіл мұрадан бас тартқаныңыз жөн.

**Сақ болыңыз, өзіңізді
қорғаңыз және FinGramota.
kz-мен қаржылық сауаттылығыңызды арттырыңыз!**

Ардагерлер абырой биігінде

аудандық ардагерлер кеңесінің өткен жылы атқарған жұмыстары туралы кеңес төрағасы Қ.Еспенбетовтің баяндамасы

Құрметті пленум мүшелері, ардагерлер, қонақтар!

Өздеріңізге белгілі, 2023 жыл еліміз үшін маңызды оқиғаларға толы жыл болды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев былтырғы жылғы Қазақстан халқына жолдауында, «Әділетті Қазақстанның экономикалық бағдарын» жариялады. Онда Президентіміз «нағыз дамыған ел боламыз десек, саяси реформалармен шектеліп қалмауымыз керек. Осы жұмысты түбегейлі және жан-жақты әлеуметтік экономикалық реформаға ыштастыру қажет», - деп көрсетті. Үстіміздегі жылдың 3-қаңтарында, «Егемен Қазақстан» газетінің тілшілеріне берген «Біз озық ойлы ұлт ретінде тек ғана алға қарауымыз керек» деген сұхбатында «Біз негізгі саяси реформаларды аяқтап қалдық, әділ және бәсекелі экономика жүйесін құруға кірістік», - деп атап айтты. Яғни осы жұмыстың бәрі 2024 жылы да жалғасады деген сөз. Өткен жылы мәжіліс және барлық деңгейдегі мәслихат депутаттары жаңа ереже бойынша сайланды. Алғаш рет аудан және облыстық маңызы бар қала әкімдері сайланды. Алғашқылардың бірі болып, Созақ ауданының халқы да аудан әкімінің сайлауына қатысып, аудан әкімі етіп, Тұрысбеков Мұхит Сексенбайұлын сайлап алды. Бұл сайлауда аудан ардагерлерінің белсенділігі ерекше болғанын атап өткеніміз жөн. Енді алдымызда «әкім бол, халқыңа жақын бол» деген аталы сөзді басшылыққа салып, ауданның өсіп, дамуына сайланған әкімімізбен бірге оны қолдап, ынтымақпен жұмыс істеу міндеті тұр. «Алтау ала болса ауыздағы кетеді, төртеу түгел болса, төбедегі келеді» деген ата-бабамыздың өсиетін естен шығармауымыз керек. Бұл әсіресе елдің бірлігін, ынтымағын, тыныштығын ойлап, бейбіт өмірді насихаттап жүрген ардагерлерімізге тиісті.

Қадірлі ардагерлер!

«Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігінің Созақ аудандық филиалы, Республикалық ардагерлер ұйымының Х-сөзін және Республикалық орталық ардагерлер ұйымының жарғысы мен (устав) аудандық ардагерлер кеңесінің Ережесі негізінде жұмыстар атқарып келеді. Жарғыға сәйкес басшылыққа алынып, жұмыс жасап жатқан құжаттардың арасында мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Республика халқына арналған жыл сайынғы жолдаулары, жарлықтары, мақалалары Қазақстан Республикасының Конституциясымен, әртүрлі заңдар, заңды күші бар актілердің жиынтығы бар.

Республикалық ардагерлер ұйымының кезектен тыс Х-сөзі бекіткен Республикалық қоғамдық бірлестіктің жарғысында, оның Созақ аудандық филиалының Ережесінде, ардагерлердің, аудандық ардагерлер кеңесінің құқықтары мен міндеттері нақты көрсетілген.

Республикалық ардагерлер ұйымының құрылғандағы негізгі мақсаты ардагерлердің құқықтарымен бостандықтарын қорғау және олардың есебін жүргізу, лайықты әлеуметтік-тұрмыстық жағдайын қамтамасыз етуге көмектесу, еліміздің саяси өміріне қатыстыру, жастар тәрбиесімен ұлттық салт-дәстүріне көңіл бөлу болып табылады.

Бүгінгі күні Созақ аудандық зейнетақы төлеу және жұмыспен қамту әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің есебі бойынша 6211 зейнеткер болса, оның 93 пайызы аудандық ардагерлер ұйымының есебінде тұрған ардагерлер.

Яғни 5721 ардагер 30 бастауыш ардагерлер ұйымына тартылған. Өткен жылдан бері аудандық ардагерлер ұйымындағы ардагерлердің саны 78-ге артып отыр. Олардың ішінде 1- ҰОС ардагері, 5-Чернобыль апатына қатысқандар 11-қайтыс болған соғыс мүгедектерінің қайтадан некеге тұрмаған

жесірлері, 171-тыл еңбеккерлері, 2000 жуық батыр ана, алтын алқа, күміс алқа иегерлері бар. Былтырғы жылы аудандық ардагерлер кеңесінің 1-рет пленумы, 6-рет төралқа отырыстары, 2-рет салтанатты жиындары, 2-рет отбасылық семинар кеңесі өткізілді. Бұл жиындарда 2023 жылы атқарылған жұмыстар туралы есептер, мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаевтың Қазақстан халқына жолдаған жолдаулары, үндеулері, жастар тәрбиесі, ұрпақтар сабақтастығы, ізгі салт-дәстүрлерді қалыптастыру және елдің бірлігі, ардагерлердің әлеуметтік жағдайлары, ардагерлерді қоғамдық өмірге араластыру, аудандық ардагерлер кеңесі жанынан құрылған тұрақты комиссиялардың және «Әкелер мектебінің» «Дәнекер» пилоттық жобасының, «Әжелер алқасының» жұмыстары туралы мәселер қаралды.

Аудандық ардагерлер кеңесін 2021 жылғы өткен конференциясында сайланған 41 пленум мүшесі құраса, оның ішінен 9 адам ардагерлер кеңесінің төралқа мүшелері болып сайланып, барлық ардагерлер кеңесінің мүшелері 6-тұрақты комиссияларға біріктіріліп жұмыстар жасап келеді.

Қазіргі таңда ауыл, кент округі бастауыш ардагерлер ұйымдарының жанынан 25-әжелер алқасы құрылса, 35-мектептің жанынан 35-әкелер мектебі ұйымдастырылып, жұмыстар атқаруда. Аудандағы үлкен бастауыш ардагерлер ұйымдары жанынан, «Дәнекер» жобасы бойынша қоғамдық медиаторлар ұйымдастырылды. Аудандық ардагерлер кеңесінің, оның тұрақты комиссияларының және «Әжелер алқасының», «Әкелер мектебінің» 2023-ші жылға арналған, іс-жоспарлары жасалып, жұмыстар жүргізіліп келді. 2023 жылы аудан бойынша 86 жалғыз ілікті қарттар әлеуметтік қамқорлыққа алынып, оларға 18 әлеуметтік қызметкерлер бекітілген кестеге сәйкес қызмет көрсетуде. Өткен жылы оларға демеушілер есебінен 2578,5 мың теңгенің қаржылай, заттай азық-түліктері алынып берілді. 2023 жылдың 12-айында аудандық бюджеттен бөлінген қаржыға 370 ардагер, облыстық бюджеттен бөлінген қаражатқа 200 ардагер, барлығы 570 ардагерлер демалыс орындарымен шипажайларда демалып келді. Аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен бірлесіп отырып, өткен жылы 15ақпан Кеңес әскерлерінің Ауғанстан жерінен шығарылған күніне байланысты, аудан көлеміндегі 18 ауған соғысы ардагерлеріне жергілікті бюджеттен әрбіріне 113.850 теңгеден барлығы 2.049.300 теңге аударылып берілсе, таулы Карабах соғысына қатысқан 2 ардагерге 14.700 теңгеден барлығы 29.400 теңге, Тәжік ауған соғысына қатысқан 19 ардагерге 16.560 теңгеден, барлығы 314.640 теңге жеке есеп шоттарына аударылып берілді.

2023 жылы 8 наурыз-Халықаралық әйелдер күні мерекесіне орай аудандық бюджеттен 990 Батыр ана, Алтын алқа иелеріне 6831 теңгеден барлығы 6.762.690 теңге және 1134 күміс алқа алған аналарға 6126 теңгеден барлығы 6.831.000 теңге жеке есептеріне аударылып берілді. Осы мерекеге орай аудан көлеміндегі батыр аналар, іскер әйелдер, ауыл, кент округтеріндегі «Әжелер алқасы» өкілдеріне аудан әкімі мерекелік қабылдаулар ұйымдастырып, аналарға құрмет көрсетілді. Барлық ауыл, кент округтеріндегі аналарға ауыл, кент, округ әкімдері демеушілер есебінен қабылдаулар ұйымдастырып, оларға ақшалай-заттай, сый-сияпаттар жасалып, алғыс хаттар, құттықтаулар тапсырылды.

9 мамыр-Ұлы Жеңістің 78 жылдық мерекесіне байланысты 1-Ұлы Отан соғысының ардагеріне 1.500.000 теңге қаржы берілді, 193 тыл ардагеріне 34.500 теңгеден барлығы 6658,5 мың теңге, 5 Чернобыль апатына қатысушы-

ларға 16.500 теңгеден барлығы 82.800 теңге, 16 ҰОС мүгедектеріне теңестірілгендерге 26.000 теңгеден барлығы 416.700 теңге, 11 ҰОС мүгедектерінің жесірлеріне 72,4 мың теңгеден, 796,9 мың қаржы бөлініп, барлығы 9454,9 мың теңге берілді. 9 мамыр- Жеңіс күніне орай «Ұлы Жеңіске 78 жыл» тақырыбындағы әдеби патриоттың апталық ұйымдастырылса, аудандық «Созақ үні» газетінде Жеңіс күніне орай айқара бет ашылып, ҰОС ардагерлеріне, тыл ардагерлеріне арналған мақалалар жарияланды.

Барлық мектептерде Жеңіс күніне арналған түрлі кездесулер өткізіліп, патриоттық ашық тәрбие сағаттары ұйымдастырылды. Ұлы Отан соғыс ардагерлеріне, пәк аналарға, ҰОС соғыс ардагерлеріне теңестірілгендер мен тыл еңбеккерлеріне, аудан, ауыл, кент әкімдері, бастауыш ардагерлер ұйымдарының, ардагерлер кеңестерінің төрағалары, түрлі мекеме басшыларымен олардың өкілдері арнайы үйлеріне барып, сый-сияпаттар жасап құттықтады. ҰОС ардагеріне жеке құттықтау бильбордтары шығарылып, аудан орталығына және туған ауылының орталық көшелеріне ілінді.

8-мамыр күні аудан әкімі М.Тұрысбеков ҰОС ардагері Жылысбаев Мырзахмет қарияның үйіне барып, құттықтап, қосымша 500.000 теңге және азық-түлік қорзиналарын беріп қайтты. Жеңіс мерекесіне орай шахматтан аудан ардагерлерінің жарысы өткізіліп жеңімпаздарға дипломдарымен ақшалай сыйлықтар тапсырылса, барлық қатысушылар алғыс хаттармен марапатталды. Ауыл, кент округтерінде ардагерлерге арналған шахматтан жарыстар ұйымдастырылды.

Жылдағы дәстүр бойынша, аудан әкімінің бекітуімен Созақ ауданы бойынша 1 қазан-Қарттар күніне орай «Ардагерлерді ардақтайық» атты әлеуметтік қолдау шараларының күнтізбелік жоспар тізбегі жасалып, айлық жарияланды. Сол сияқты Созақ аудандық ардагерлер кеңесі 1-қазан халықаралық қарттар күнін атап өту жөнінде арнайы аудандық кеңестің төралқа отырысын өткізіп, аудандық іс-шаралар жоспарын бекітіп, барлық бастауыш ардагерлер ұйымдарына, ауыл, кент әкімшіліктерімен тиісті бөлімдерге таратылып берілді. «Ардагер ұйымы РҚБ-нің орталық кеңес төрағасы Б.Ізмұханбетовтың «Қарттарды қамқорлай жүрейік» атты айлық акциясына атсалысуға шақырған үндеуін басшылыққа ала отырып, әлеуметтік қолдау айлығын өткізілді. Бұл үндеу аудандық «Созақ үні» газетінде 27-қыркүйек күні №70 жарияланды. 30 қыркүйек күні 1 қазан халықаралық қарттар күні мерекесіне орай, аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында салтанатты жиын өткізіліп, оған аудан әкімі, аудандық мәліхат хатшысы, қоғамдық бірлестіктердің төрағалары қатысып, қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып, жүрген ардагерлерге алғыс хаттар тапсырып, сый-сияпат көрсетілді. Соңы аудан ардагерлерінен құралған «Сырлы Созақ» хор ұжымын бастап, ардагерлердің күшімен концерттік бағдарламаға жалғасты.

Қарттар күніне орай Созақ аудандық орталық аурухананың және аудандық ардагерлер кеңесінің ұйымдастыруымен, аудан ардагерлерінің денсаулық жағдайын тексеру мақсатында «Ашық есік» күні болып өтті. Бұл шара арнайы аудан әкімі Мұхит Сексенбайұлы қатысып, акцияны ашып берді. Сол күні барлық ауыл, кент округтеріндегі ауруханаларда да «Ашық есік» күні өткізілді. Қазан айында аудандық ардагерлер кеңесімен бастауыш ардагерлер ұйымдарында 56 қоғамдық іс-шаралар ұйымдастырылды. Оның ішінде 14 түрлі жиындармен дөңгелек үстелдер, 12 қайырымдылық сенбіліктер, 15 концерттік бағдарламалар 7 спорттық іс-шаралар, аудан орталығында 4

әлеуметтік ауыл шаруашылық өнімдерінің жәрмеңкелері өткізіліп, оларға аудан ардагерлері қатысты. Жылдағы дәстүр бойынша аудандағы «КАТКО» қазақ-француз біріккен кәсіпорының демеушілігімен 795 ардагер, 4982734 (төрт миллион тоғыз жүз сексен екі мың) теңге көлемінде әртүрлі газет-журналдарға жазылды. Қарттарға жасаған қамқорлығы үшін «КАТКО» қазақ-француз біріккен кәсіпорын басшылығына сіздердің аттарыңыздан алғыс айтамыз.

Өздеріңізге белгілі, аудандық ардагерлер кеңесі, 8 Наурыз-Халықаралық әйелдер күнін, 9 мамыр-Жеңіс күнін, 22 наурыз-Ұлыстың Ұлы күнін және 1 қазан-Халықаралық қарттар күнін атап өтуге арнап арнайы іс-шаралар жоспарын жасап, жұмыстар жүргізу жыл сайынғы дәстүрге айналды. Ол мереке-лерге арнап, мәдени-көпшілік және спорттық шаралар ұйымдастырылып, аудан, ауыл әкімшіліктері тарапынан және аудандық ардагерлер кеңесінің аудандық мәслихаттың, тиісті бөлімдердің, облыстың ардагерлер кеңесінің алғыс хаттарымен, дипломдарымен марапатталып, сол сияқты демеушілер арқылы ақшалай-заттай, сый-сияпаттар көрсетіліп келеді. Аудандық ардагерлер кеңесі қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып жүрген жастарға тәжірибемен, салихалы әңгімелермен жастарға тәрбие беріп жүрген ардагерлерді, мерейтой иелерін, облыстық ардагерлер кеңесінің, облыс әкімінің, облыстық мәслихаттың марапаттарына ұсыну жұмыстарын үнемі жүргізіп келеді.

Өткен жылдың есте қалар оқиғаларының бірі, Созақ аудандық ардагерлер кеңесінің озат жұмыс тәжірибесімен алмасу жөніндегі «үлкендер жолы ұлылық, ұрпақтар жүрек ұғынып» атты облыстық семинар-кеңестің біздің ауданда өтуі болып отыр. Оған облыстың ардагерлер кеңесінің төралқа мүшелері барлық қала, аудан ардагерлері кеңесінің төрағалары «Әжелер алқасының» төрайымдары, «Әкелер мектебінің» төрағалары қатысып біздің іс-құжаттарымызбен жұмыс ұйымдастырудағы тәжірибелерімізбен танысты. Аудан ардагерлеріне жасалып жатқан жағдайларды көзбен көріп, ой-пікірлерімен бөлісті. Семинар-кеңесті өткізуді жақсы ұйымдастырған аудан әкіміне, аудандық ардагерлер кеңесіне рахметтерін айтып тарасты. Облыстың ардагерлер кеңесінің төрағасы Ж.Мауленқұлов облыстық семинар-кеңесті қорытындылап, соңында облыс ардагерлеріне, жас ұрпаққа арнап үндеу қабылданды.

Өткен жылы аудандық жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімімен бірлесіп отырып, аудандық ардагерлер кеңесі аудандағы көзі тірі 171 тыл еңбеккерлерінің әлеуметтік тұрмыстық жағдайын зерттеп, жол картасын жасау жұмыстары жүргізілді. Өйткені ауданымызда жалғыз ғана ҰОС-ның ардагері қалғандықтан және оларға теңестірілген тыл еңбеккерлерінің ең жасы 84-те болса, үлкені 100 жастан асып отырғандықтан, осы кісілерге айрықша көңіл бөлу басты назарда болмақ.

Олардың мемлекет тарапынан алатын зейнетақыларына қосымша төленетін қаражаттық және атқарушы органдар беретін бір жолғы жәрдем ақыларының көлемін ұлғайту мәселелері жөнінде тиісті орындарға, облыстық ардагерлер кеңесіне ұсыныстар берілді.

Аудандық аурухана әкімшілігіне, тыл еңбеккерлердің денсаулық жағдайларына байланысты диспансерлік есепке қойып, тегін дәрі-дәрімекпен қамтамасыз ету, дәрігерлердің қабылдауына кезектен тыс кіргізу, оларға бөлек палата жасау мәселелерін заңдастырып шешуге ұсыныстар енгізілді.

Аудандық «Сөзақ үні» газетінің редакциясымен тыс еңбеккерлерінің беделін көтеру, сол кездегі жанқиярлық еңбектерін аудан халқына, әсіресе жастарға үлгі ету туралы мақалалар беріп отыру мәселелері келісілді. Осы келісімге сәйкес аудандық газеттің редакторы Сәрсенбек Теңізбаев, жауапты хатшысы Мақсат Қарғабай інілеріміз үзбей мақалалар жазып келеді. Оларға аудандық ардагерлер кеңесі атынан рахмет айтамыз.

Бәрімізге белгілі ұрпақ тәрбиесі елімізде ең өзекті мәселе болып отырған тақырып. Алаш ардагері Мағжан ардақтымыз айтқандай «Біз жастарға сенеміз» Болашақ жастардікі болғандықтан, ардагерлер ұрпаққа тәрбиесінен шет қала алмаймыз. Аудандағы ардагерлер ұйымдары жастарға тәрбие беру мақсатында кездесулер, дөңгелек столдар, әртүрлі отырыстар өткізіп, ұлттық салт-дәстүрлерімізді насихаттау жұмыстарымен қатар, кейінгі кезде облыстық ардагерлер кеңесінің бастамасымен «Әкелер мектебінің» жұмыстарын жақсарту мәселелерімен түпкілікті айналыса бастады. Облыстық ардагерлер кеңесінің жіберген 2023-2024 оқу жылына арналған жеке-жеке сынып үшін «Тәрбие тал бесіктен басталады» атты тематикалық тақырыптар бойынша әдістемелік оқу нұсқаулығымен бірге балалар тәрбиесіне көмегі тиетін деген жолдарын қарастырып жатырмыз. Өткен жылдың II-мамыр күні аудандық адами әлеуетті дамыту бөлімімен бірлесе отырып, кәмілетке толмағандардың қатысуымен жасалынатын қылмыс пен құқық бұзушылықты және оқис оқиғалардың алдын алу бойынша ата-аналардың қатысуымен «Мыңжылқы» мәдениет үйінде кездесу өткізілді. Оған ата-аналармен бірге аудан әкімінің орынбасары ауылдық, кент округтерінің әкімдері аудан прокуроры, полиция бөлімінің қызметкерлері мәслихат депутаттарымен жергілікті қоғамдық кеңес және аудандық қоғамдық кеңес және аудандық, ауылдық ардагерлер кеңестерінің өкілдері «Жастар ресурстық орталығының» қызметкерлері қатысты. Онда баяндамамен қатар, ата-аналар, ардагерлер тарапынан көптеген ұсыныстар айтылды. Балалардың бос уақытын тиімді пайдалану үшін бұрынғыдай мектептерде пәндік үйірмелер мен спорттық көпшілік жұмыстардың секцияларын көбейтумен қатар балаларды еңбекке баулу мақсатында өз үйлеріндегі есік алдындағы егістікті баптау, үйдегі малдарын жем-суын беріп, оларға қарау жұмыстарының орын ерекше екендігі баса айтылды. Өйткені нарықтық экономиканың талаптарына сәйкес, бұған бейімделген бала таза еңбекпен есік алдындағы егістік пен қорадағы малға қараудан пайда табуға болатынын түсініп өседі. Аудандағы «Әкелер мектебінің» жұмыстарын осы бағытқа жүргізіліп жатыр. 2023 жылдың 12-мамырында «Сөзақ» жалпы орта мектеп гимназиясы базасында, аудандық білім бөлімімен бірлесіп, «Асқарым бар, өте биік әке деген» тақырыпта облыстық семинар өткізілді. Ондағы мақсатымыз, «Әкелер мектебінің» маңыздылығын таныстыру арқылы бала тәрбиесіндегі әкелердің жауапкершілігін арттыру, отбасындағы әке рөлін көтеруге арналған пікірталас алаңын құру, бала бойындағы тәртіп, жауапкершілік, еңбекқорлық, шығармашылық қабілеттерді, салауатты өмір салтын қалыптастыру, әкелермен өзара тәжірибе алмасу, ой бөлісу, отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттауда үздік тәжірибелер мен идеялар ұсыну болды. «Сөзақ жалпы орта мектеп гимназиясының бастауыш сынып оқушыларынан бастап жоғарғы оқушыларына дейін мектеп мұғалімдері бір ай кезеңінде ізденіп, жұмыстар жасады. Нәтижесінде мектеп оқушылары ақын-жазушыларымыздың шығармаларынан әке бейнесін іздеді және оны тапты да. Отбасында, қандай қоғамда болса да әке рөлінің маңыздылығының зор екендігіне көздері жетті. Әкенің отбасындағы алтын діңгек, бәйтерек екендігін түсінді. Семинардың қорытындысында, қатысқан ардагерлер, мұғалімдер, оқушылар «Әкелер мек-

тебінің» құрудың қажеттілігін, отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттауда үздік тәжірибелермен идеялар ұсынды, өз ойларын ортаға салды.

Әке орны қай заманда да биік болған, әрі оның орнын ештеңе толтыра алмайды. Әке балалары үшін әлем туралы, еңбек туралы, техника туралы танымдардың қайнар көзі болып табылады. Әке – күнделікті тұрмыстағы отбасының тірегі, ақылы күші. Отбасындағы әке жәй ғана асыраушы емес, бұл балаға әлемді ашатын, балаға өзіне сенімді, есті болып өсуіне көмектесетін тұлға. Алайда іс жүзінде көп жағдайда отбасылық өмірдің тізгіні ананың, әйелдің қолында болып жатады.

Қазіргі нарықтық қоғамда әкенің рөлі біршама өзгерген. Сонда да болса, әрбір бақытты отбасында ер адам отбасының тірегі, қорғаушысы болуы керек. Әке деген, перзентіне, әсіресе ұлдарына осы мәселені жете үйретуі тиіс. Ал, қазақта «Он шалдың ортасында жүрген бала дана болады, он баланың арасында жүрген қария бала болады» деген. Осы сөзден-ақ ардагерлеріміздің ұрпақ тәрбиесіндегі орны айшықталып тұрған жоқ па? 2023 жылдың 7-қараша күні аудандағы «Әкелер мектебінің» жұмыстарын жандандыру мақсатында, облыстық ардагерлер кеңесінің бекіткен кестесіне сәйкес екінші рет ауданымыздағы Ы.Алтынсарин атындағы орта мектеп базасында «Әкелер мектебінің ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі» атты тақырып аясында «Жас ұрпақ тәрбиесіндегі бетбұрыс» тақырыбында аудандық семинар-кеңес өткізілді. Семинар-кеңеске бастауыш ардагерлер ұйымдарының төрағалары, «Әкелер мектебінің» төрағалары, «Әжелер алқасының» төрайымдары және мектеп директорларының тәрбие жөніндегі орынбасарлары шақырумен қатысты. Семинарда облыстық ардагерлер кеңесінің орынбасары Бақытжан Романқұлов қатысып, «Әкелер мектебінің ұрпақ тәрбиесіндегі рөлі» тақырыбында баяндама жасады. Семинар-кеңесіне қатысушылар тәжірибелерімен бөлісіп, ой-пікірлерін ортаға салды. Отбасылық тәрбиенің жақсы жақтарын насихаттауда үздік тәжірибелер мен идеялар насихатталды. Семинар соңында практикалық кезеңге уақыт бөлініп, «Әке – бәйтерегім, ұлым – мұрагерім», «Бір әкенің тәрбиесін жүз мектеп бере алмайды», «Әкешім – ақылшым» тақырыптарында сыныптарда ашық тәрбие сағаттары өткізілді.

Ұлттың ұлт болып қалуы қашан да оның тілі мен ділінің, салт-дәстүрінің бекемдігіне байланысты. Оның негізі отбасылық-ұрпақ тәрбиесінде жатыр. Осы ретте отбасындағы ата мен әженің рөлі ерекше. Ардагерлер ұйымы, оның ішінде «Әжелер алқасы» - бүгінгі қоғамда баға жетпес байлық, бойға тереңнен сіңіретін тәрбие құралының қайнар көзі болып отыр. Облыстық ардагерлер кеңесінің және аудандық ардагерлер кеңесінің жанынан құрылған «Әжелер алқасының» 10-жылдығын атап өту мақсатында, өткен жылы II-тамыз күні облыстық ардагерлер кеңесі бекіткен кестесіне сәйкес ауданымызда «Әже – ұлт ұйытқысы» атты мерекелік байқау өткізілді.

«Әжелер алқасының» жұмыстары да қазақи салт-дәстүрлерге арналған іс-шараларды бұрынғыдай бір тақырыпты алып қоймай, оны өмірмен байланыстырып өткізу мәселелері қолға алынды. Өткен жылдың 6-мамыр күні ауылдарда өткен «Мен әжемнің әлділеген ұрпағымын» атты байқауға конкурс жарияланып жеңімпаздар сайысы ұйымдастырылды. Байқау төрт шарт бойынша өтті: 1. Таныстыру, 2. Қолөнер, 3.Әжемнің ертегісі, 4. Өз өнері және жеткен жетістіктері. Әсіресе байқаудың 3-4 шарттары ауыл тұрғындарының, жастардың қызығушылықтарына туғызып, қолдауға ие болды. Өйткені «Әжемнің ертегісінде» отбасының бастан көшкен заманға байланысты көрген қиыншылықтары, қызықшылықтары, өсіп-өнулерін ертегі түрде баяндаса, жеткен жетістіктері қазіргі қоғамға байланысты көріністермен көрсетіледі. Ол көріністерде тек сол жанұяның отбасы мүшелері ойна-

ды. Екінші бір мысал Құмкент ауылында 2023 жылдың 10-тамыз күні өткен «Атадан – өсиет, анадан - қасиет» семинарда келін түсіру дәстүрі жақында ғана келін түсірген отбасының шынайы көрінісі көрсетілсе, екінші бөлімде іс-шара, ұрпақтар сабақтасығымен байланысты дәстүрлі әнші, Қазақстанға белгілі өнер иесі Кенжебай Шалдың оқытқан, тәрбиелеген, қазіргі кезде елімізге белгілі болып жүрген 5 шәкірттері дәстүрлі әндерден ән шырқап, өнер көрсетулерімен жалғаса, қазіргі кезде дәстүрлі әнге бейімдеп, тәрбиелеп жүрген б-сынып оқушысы ән шырқады.

Өткен жылы қаңтар оқиғасына байланысты «Сұлтанбек Қожанов» атындағы мұражай ұжымымен, аудандық ардагерлер кеңесі бірлесіп, жастар мен ардагерлердің қатысуымен «Тәрбие тағылымы» атты дөңгелек үстел өткізілсе, ардақты аналарымен, көпті көрген, өмірлік тәжірибесі мол әжелердің қатысуымен «Ана бақытым» атты мәдени музыкалық іс-шара ұйымдастырылды. Өткен жылы аудан, қала ардагерлер кеңестері жанынан құрылған «Әжелер алқасы» 10-жылдық мерекелік байқауда, жерлесіміз, Қазақстан жазушылар одағының, журналистер одағының мүшесі, Қазақстан Республикасының мәдениет саласының үздігі, ақын, сазгер, драматург жазушы Айдарбек Байділда Жартайұлының жазған «Ерулік» атты қойылымын аудандық әжелер мен ардагер қариялардың қатысуымен сахналап облыста жүлделі орынға ие болды. Өздеріңізге белгілі заңгер, жазушымыз Мұхтар Әуезовтің «Абай жолы» романында қазақтың барлық салт-дәстүрлері қамтылған. Жазушы өмірінің соңында Оңтүстік Қазақстан облысында болып «Өскен өркен» романын бастаған кезде, еңбек, өнер адамдарын, тарихи жерлерді аралап, қазналы қарттармен кездесіп, басты кейіпкерлерді іздеген. Оның ішінде Сөзақ ауданының тарихына, өсіп-өркендеуіне, мал шаруашылығында еңбек еткен адамдардың атқарып жатқан жұмыстарына, қазыналы қариялардың өнерлері мен әңгімелеріне көп көңіл бөлген. «Ерулік» сахналық қойылымның ерекшелігі, Мұхтар Әуезовтің Сөзақ ауданын асықпай аралаған кезде, малшы ауылда ерулік беру, келін түсіру салт-дәстүрінің үстінен түсіп, соған қатысқаны, сол отырыста қазақтың салт-дәстүрлері туралы айтқан әңгімелері арқау болып, нақты болған оқиғаларды қамтуымен шоқтығы биіктеп, облыста жүлделі орынға ие болуы заңдылық еді. Аудандық «Мыңжылқы» мәдениет сарайында өткен байқауға, облыстық ардагерлер кеңесі жанынан құрылған, облыстық «Әжелер алқасының» төрайымы Тілеубердиева Фатима Смаңқызы, төрайымның орынбасары Орманова Дана Садыққызы, облыстық ардагерлер кеңесінің жауапты хатшысы Тәжібаева Балзия Тыныштықбайқызы қатысып, байқауға қазылық етіп, жоғарғы бағаларын берді.

Сол сияқты қорытынды байқауға аудан әкімінің орынбасары Ақәділ Болатұлы Сатыбалды, аудандық мәслихаттың төрағасы Ордабек Мырзабекұлы Жамиев «Аманат» партиясының аудандық төрағасы Ернар Құралбекұлы Сағындықовтар қатысып, белсенді әжелерді құттықтап, алғыс хаттар мен сый-сияпаттарын тапсырды. Аудандық ардагерлер үйінің алдына 10 қанаттық киіз үй тігіліп, ол салт-дәстүрге сай безендіріліп, қол-өнер бұйымдарының көрмесі ұйымдастырылды. Аудан орталығында негізгі «Жібек жолы» көшесінде ұлттық киім киген әжелер мен ардагерлердің бейбіт шеруі ұйымдастырылды. Шеруге қатысушылар отан, туған жер, халық әндерін «Сөзақ серілері» жігіттерімен бірге әуелете шырқады. Байқау соңы ардагерлерден, әжелерден құрылған «Сырлы сөзақ» хор ұжымының және хордың белсенді мүшелерінің жеке әндерінен концерттік бағдарламаға ұласып, аудан тұрғындарына көтеріңкі көңіл-күй сыйлады.

Қадірлі ардагерлер!

Аудандағы үлкен бастауыш ардагерлер ұйымдары жанынан 2017 жылдан

бері «Дәнекер» пилоттық жобасы бойынша ардагерлерден қоғамдық медиатор ұйымдастырылып, жұмыстар жасап келеді. Ардагерлерден құрылған қоғамдық медиаторлардың қызметтік мақсаты жастар арасындағы майда бұзақылықты, елді-мекендердегі тұрғындар арасында дау-дамайларды құқық қорғау ұйымдарына жеткізбей елдің, ағайынның арасында келісіммен шешу болып табылады. «Дәнекер» пилоттық жобасындағы қоғамдық медиаторлардың жұмыстарынан жаңашылдыққа, тиімділікке, өзара келісімге бет бұрғандары байқала бастады. Олардың заң саласындағы білімдерін жетілдіру мақсатында аудандық сотпен бірлесе отырып арнайы Шымкент қаласынан лицензиясы бар мамандар шақырып, оқытып, түгел сертификатпен куәлік алуларына қол жеткіздік. Бұл сала бойынша ережеге сай бірлесе жұмыс істеу үшін аудан әкімі, аудандық соттың төрағасы және аудандық ардагерлер кеңесінің атынан мен қол қойысып, жаңадан меморандум жасастық. Қоғамдық медиатор мүшелері аудан әкіміне, аудандық соттың төрағасына қабылдауларында болып, елдің жекелеген тұрғындардың мұң-мұқтажын жеткізіп тұратын болып келісілді.

Қадірлі аудандық ардагерлер кеңесінің мүшелері!

Осы өткізген іс-шаралардың, жиындардың, төралқа отырыстарының, ұйымдастыру жұмыстарының басықасында өздеріңіз болдыңыздар. Негізінен бұл баяндаманы аудандық ардагерлер кеңесінің, яғни пленум мүшелерінің, аудан, ауыл, кент әкімшіліктерімен, мекеме, бөлімдермен, қоғамдық ұйымдармен және де меушілермен бірлесе отырып ұйымдастырған жұмыстардың қорытынды есебі деп түсінулеріңізді өтінемін. Өткен жылы аудандық ардагерлер кеңесіне 2шағым-өтініш түсіп, ол тиісті бөлімдермен органдарға жіберіліп, өтініш иелеріне нақты жауаптары берілді.

2023 жылы өткізілген іс-шараларға сәйкес қоғамдық жұмыстарға белсене қатысып жүрген 103 ардагер облыс әкімінің, облыстық мәслихаттың, облыстық ардагерлер кеңесінің және аудан әкімінің аудандық мәслихаттың, аудандық ардагерлер кеңесінің құрмет грамоталарымен, алғыс хаттарына ие болды. Республикалық, облыстық ардагерлер кеңестеріне, салық және статистика органдарына берілетін тоқсандық, жылдық есептер, сұратылған мәліметтер өз мерзімдеріне беріліп отырды. Өздеріңізге белгілі, аудан әкімінің қолдауымен, аудан орталығында «Белсенді ұзақ өмір, тең қоғам» орталығы ашылып, жұмыс жасап жатыр. Орталық тек ғана ардагерлердің денсаулықтарын оңалту мәселесімен емес, сонымен қатар ардагерлер арасында спорттық жарыстар, кездесулер және мәдени-көпшілік іс-шараларда да ұйымдастыруда. Орталық қызметкерлеріне аудан ардагерлері атынан рахмет айтамыз.

Ардақты ардагерлер!

Қорыта айтқанда, аудандық ардагерлер кеңесі, мемлекеттік мекемелермен, қоғамдық ұйымдармен, аудан, ауыл, кент округі әкімшіліктерімен, де меушілерімен бірлесе отырып, мемлекетіміздің саликалы саясатын, Республикалық ардагерлер ұйымының Х-съезінің шешімдерін, жастарға тәрбие беру, рухани жаңғыру аясында ұлттық салт-дәстүрімізді, тарихи мұраларымызды, тәуелсіз еліміздің осы уақыт ішінде жеткен жетістіктерін насихаттау, ардагерлеріміздің мұң-мұқтаждықтарына көңіл бөліп, олардың қоғам өміріне белсене қатысуын қамтамасыз ету мақсатында жұмыстар жүргізіп келеді, алдағы кезде де жұмыстар жүргізетін болады.

Биылғы жылы барлық бастауыш ардагерлер ұйымдарында, аудандық ардагерлер кеңесінің ережесіне сәйкес есеп беру-сайлау жиналыстары өтетін болады. Осы бастан соған дайындық және ұйымдастыру мәселелерін жүргізуіміз қажет. Жиынның өткізілу мерзімі, кестесі сіздерге қосымша берілетіні хабарланатын болады.

Іргелі істер қоғам игілігіне

Созақ аудандық аумақтық инспекциясының 2023 жылы атқарылған жұмыстарына келетін болсақ, инспекцияның негізгі мақсаты мен міндеттері ауданның азық-түлік қауіпсіздігін қамтамасыз ету және фитосанитариялық іс шаралады бақылау, қадағалау болып табылады. Инспекция екі сала бойынша жұмыс жүргізеді. Олар "Өсімдіктерді қорғау және Өсімдіктер карантині" салалары. Өсімдіктер қорғау саласы- аудан аумағын аса қауіпті зиянды және зиянды организмдерден келетін қауіпті алдын алу және олардың дамуына жол бермеу үшін бақылау, қадағалау жұмыстарын атқарады.

Айта кететін болсақ, былтырғы жылы аудан аумағында аса қауіпті зиянды организмді азиялық шегірткесінің дернәсілдерімен залалданған 11500 гектар жерге химиялық жолмен өңдеу жұмыстары жүргізілді. Өңдеу жұмыстарына АН-2 ұшағы тартыла отырып істелді. Сонымен қатар, саяқ шегірткесіне қарсы мониторингтік зерттеу-анықтау жұмыстары кезінде 520 гектар алқаптан дернәсілдер анықталып жою жұмыстары жүргізу үшін ауыл шаруашылығы бөліміне хабарлама жіберілді. Өсімдіктерді қорғау саласы бойынша 32 семинар кеңес, 10 агрооқу және түрлі тақырыпта 10 мақала БАҚ беттеріне жарияланды.

Өсімдіктер карантині саласы - өсімдік ресурстары мен өсімдік тектес өнімдердің карантинді аурулардан, зиянкестерден және арамшөптерден қорғауға бағытталған, өсімдіктер карантині жөніндегі іс-шараларды жүзеге асыратын салалардың бірі.

Өсімдіктер карантині саласы ішкі және сыртқы карантин болып екі бағытқа бөлінеді.

Сыртқы өсімдіктер карантині - Карантинді объектілерді карантинге жатқызылған өнімдер мен импорттайтын аумақтан әкелуге және экспорттайтын аумақтан әкетуге жол бермеуге бағытталған қызмет.

-Ауылшаруашылық өнімдерін шет елдерге экспорттау үшін жеке және заңды тұлғалардан 154 өтінім түсіп, соның 144-не фитосанитариялық сертификат жеке және заңды тұлғаларға ұсынылды. Ал 10 өтінім белгілі себептермен бас тартылды.

Экспортталатын өнімдерге карантиндік бақылау және қадағалау жүргізу кезінде күдікті объектілер анықталмады. Ал, карантинді объектілерден тазалығын растайтын карантиндік сертификатымен облысаралық тасымалдау үшін жеке және заңды тұлғалардан өтінім түспеді.

Мемлекеттік қызмет көрсету кезінде жеке және заңды тұлғалардан шағымдар түспеді.

Облысаралық карантинге жатқызылған өнімдерден 17 жағдайда үлгілер Шымкент қалалық карантиндік зертханасына өткізіліп, карантин объектілермен залалданғаны анықталмады.

Ішкі өсімдіктер карантині - Карантинді объектілердің ел ішінде таралуына жол бермеуге, карантинді объектілерді уақытылы анықтауға, оқшаулауға және жоюға бағытталған қызмет.

2023 жылы аудан аумағында жалпы көлемі - 5265 гектар аумаққа арам шөптерге, 75 гектар зиянкестерге және 55 гектар карантиндік ауруларға қарсы мониторингтік жұмыстары жүргізілді.

Анықталған 160.5 га карантиндік нысандардың ошақтарын оқшаулау және жою жұмыстарын қадағалау мақсатында нұсқамалар толтырылып. Өз мерзімінде механикалық жолмен жою жүргізілді.

Жеке және заңды тұлғаларға өз қаражаты есебінен карантиндік нысандарға қарсы оқшаулау жою жұмыстарын жүргізу үшін 2- ұсыным беріліп, өз мерзімінде толығымен орындалса, 7- нұсқаманың 1 нұсқама өз мерзімінде орындалмағаны үшін, сот шешімі негізінде 17250 теңге әкімшілік айыппұл салынды.

Инспекция тарапынан сауда базарларына бақылау және қадағалау жұмыстары тұрақты түрде жүргізіледі. Сауда базары орындарында облысаралық карантинге жатқызылған өнімдерді карантиндік сертификатынсыз сатумен жүзеге асырғаны анықталып жеке және заңды тұлғаларға 9 жағдайда 621000 теңге әкімшілік айыппұл салынды.

Өсімдіктер карантині саласы азық-түлік және шикізат қауіпсіздігін сақтауына өсімдік өнімдерін карантинді объектілердің бүлдіруінен және жоюынан қорғауды тұрақты түрде бақылау мен қадағалауды қамтамасыз етіп келеді. Осыған байланысты түрлі тақырыпта 10 мақала жарияланып, түрлі семинар кеңестер жүргізілді.

Қазіргі таңда аудан аумағында фитосанитариялық ахуал қалыпты жағдайда.

Инспекция қызметкерлерінің ішкі тәртібімен әдеп кодексінің нормаларын сақтау және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру мақсатында, "Созақ үні" газетіне 10 мақала және 12- пост Фейсбук әлеуметтік желісіне мақалалар жарияланды. Сонымен қатар, құқықтық сауаттылықты арттыру үшін 17 агро оқу және сыбайлас жемқорлыққа қарсы тұру тақырыбында 5 ішкі жиналыс, 3 мәжіліс, 4 дөңгелек үстел, 6 семинар-кеңестер өткізілді.

Туындаған сұрақтар бойынша сенім телефоны – 8(725-46)-4-13-05 нөміріне хабарласа аласыздар.

Римма ДӘУРЕНБЕКОВА,
Аудандық аумақтық инспекцияның басшысы.



Ата-ана тәрбиесі

«Ата-ананың ақылы - қазулы қара жолмен тең».
Д. Бабатайұлы.

«Тәрбие – кең мағынасымен алғанда, қандай да болсын бір жан иесіне тиісті азық беріп, сол жан иесінің дұрыс өсуіне көмек көрсету деген сөз» - дейді кемеңгер ақын М.Жұмабаев өзінің «Педагогика» атты еңбегінде. Ақын, әрі педагог айтқандай, алдымызда отырған әрбір баланы тәрбиелеп, дұрыс бағыт-бағдар беріп, үлкен өмірге қанаттандыру ұстаздар мен ата-ана арасындағы үлкен міндет болса керек.

Бала тәрбиесі мен дамуындағы басты рөл атқарушы отбасы болғандықтан, би-

ылғы оқу жылында ұстаздар қауымына ҚР-сы Оқу-ағарту министрлігінің шешімімен ата-аналарды педагогикалық қолдау орталығын құрып, ата-аналармен педагогикалық қолдау сабақтарын өту міндеттелді. Әрбір сынып жетекшісі жоспар жасап, ата-аналармен тақырыптар бойынша сабақтар өтіп келеді. Бұл тәрбие саласындағы аса бір қажеттілік деп есептеймін. Тәлім-тәрбие беру барысында ата-аналардың да сауатты, көкірегі ояу болғаны жөн. Тақырыптар әрине, оқушылардың жас ерекшеліктеріне сай, дер кезінде шешімін табуға тиіс мәселелермен қамтылған, қызығушылық негізінде ата-

аналарға сауалнамалар мен анкеталық сұрақтар, психологиялық, педагогикалық, гигиеналық кеңестер беріледі. Ұзын-сонар баяндама оқып, тыңдау сияқты жиналыстың ескі формасын осындай жұмыстармен алмастырып түрлендіру – ата-аналарда тәрбиеге деген жаңа көзқарас туғызғандай. Мектепте өтілген педагогикалық қолдау сабақтарына тоқталсам, «Көркем мінез – баға жетпес байлық» 11-сынып Имамова С., «Ақыл айтпа, жол көрсет» 7-сынып Ақсақалова М., «Әкем айтқан нақыл сөз» 6-сынып Сайлауова А., «Білімдіге дүние жарық» 4-сынып

Ашимова М., «Бала жүрегіне жол табу» 8-сынып Алтыбаева А., т.б.

Қорыта айтқанда, отбасында барлығы жақсы болған жағдайда, ата-анасынан қолдау көрген балалар жақсы жетістіктерге жетіп, өзінің даму деңгейіне көтеріле алады. Отбасы мен педагогикалық ынтымақтастықтың болуы, өзара сапалы қарым-қатынас, өзара сыйластық баланың жан-жақтылығы мен тәрбиешінің жұмысының сапасын арттырмақ.

Нағима БЕКЖАНОВА,
«Суындық» жалпы білім беретін мектебі директорының тәрбие ісі жөніндегі орынбасары.

Жастар арасындағы нашақорлықтың алдын алу

«Есірткісіз қоғам құру-Қазақстанның әрбір азаматының алдындағы міндет. Есірткінің, оның ішінде синтетикалық есірткінің таралуы болашақ ұрпақтың әл-ауқатына қауіп төндіретіні бәрімізге белгілі. Осыған орай мектептерде есірткіге қатысты түрлі іс-шаралар көптеп өткізілуде. Жасөспірімдерге есірткінің зияны туралы айтылатын пайдалы жиындарды өткізу, құқықтық сауаттылығын арттыру арқылы олардың есірткіге тәуелді болмау жолдарының алдын алуға болады. Бүгінде аудандық білім ошақтарында түрлі семинар, дәрістермен дөңгелек үстел, сондай-ақ ата-аналардың қатысуымен түрлі шаралар ұйымдастыру дәстүрге айналған. Біз күш біріктірудің арқасында өскелең ұрпаққа оң ықпал етіп, салауатты болашақты қамтамасыз ететінімізге сенеміз. Әр қоғамның өзінің бас ауыртар ірі-ірі мәселесі болады. Қоғам өркендеп адам ой-санасы дамыған сайын оған төнер дерт кесел де ғаламаттай қуаттанып, бой бермес бас асаудай күшейе түсетін түрі бар. Өкініштісі сол қарап отырсаңыз осындай ем қонбайтын кеселді, дерттерді адамдар өздері ойлап табады. Өлемді жайлаған нашақорлық дерті күн сайын тамырын тереңге жайып барады. Бұл «жұқпалы ауруға» Қазақстан да шалдыққан. Ол уақыт озған сайын асқынып бара жатыр деп айтуға болады. Оған әр түрлі себептері бар. Ең негізгісі – есірткі және психотроптық заттарға қол жетімділік. Бұған дәлел күн сайын әр-түрлі есірткі немесе психотроптық заттармен ұсталғандар жәйлі ақпараттар. Есірткі заттарды қолданатындардың басым көпшілігіне-мектеп жасындағы бойжеткендер мен бозбалалар жатады. Өйткені жасөспірімдер еліктегіш келеді, сондықтан бір рет есірткіні қолдансам ештеңе ете қоймас деп, қалай нашақор болғанын білмей қалады. Ал есірткінің қармағына бір іліккен адам, одан оңай құтылып кете алмайды. Нашақорлық дертіне шалдыққан адам онсыз өмір сүре алмайтындай күйге түсіп өзінің денсаулығын, өмірін құртып қана қоймай, жақындарының, қоршаған адамдардың өміріне де қауіп төндіреді.

Нашақорлық – есірткі заттарына патологиялық құмарлық. Нашақорлық – бүкіл қоғамның қасіреті, болашағымызға қауіп төндіріп тұрған індет. Нашақорлыққа көбінесе жасөспірімдер шалдығады, алайда осы кезде ересектер арасында да есірткінің тұзағына түсіп қалған

адамдар көбейіп келеді. Нашақорлық-жеке тұлғаның толық бұзылуы. Нашақорлықты емдеумен айналысатын мамандар оны «биопсихохеулеуметтік рухани» бұзылыс деп атайды. Яғни есірткіге тәуелді адам бірте-бірте өзін-өзі сыйлауды жоғалтады: өзінің адамгершілік қасиеттерін жояды, психикасы қалыпты болмайды, достарынан, отбасынан айырылады, мамандық ала алмайды және қоршаған адамдарға, өзіне зиян келтіреді.

Есірткілер немен қауіпті?

Есірткілерді тұтыну психикалық және тәндік тәуелділікке, адам тұлғасының кейде азғындалуға дейін өзгеруіне, денсаулығының нашарлауына (ауруларға және асқынуларға) әкеліп соғады және өміріне қауіп төндіреді.

Есірткі тұтынатын жасөспірімдер мен жастар өздерін қоғамға және Заңға қарсы қояды, олардың болашағы жоқ. Нашақорлыққа шалдыққан науқас өмірінің орташа ұзақтығы 2-3 жыл.

Нашақорлық қоғам дерті. Нашақорлықпен күресуге жалғыз адамның шамасы келмейді. Бұл жерде заң сақшылары нарколог мамандар, ата-аналар және сіздер мен біздер әрбір Қазақстан азаматы шетте қалмау керек. Ғасыр дертімен күресу керек. Дүниедегі ең қымбат нәрсе ол сенің өмірің. Сенің өмірің ол өз қолыңда.

Олай болса достар, денсаулығымызға зиян келтіретін нәрселерден, жаман әдеттерден аулақ болайық. Адам баласының жаман әдеттерден аулақ болуы ол өзін-өзі тәрбиелей білуі, өз денсаулығын қорғай білуі, адамдық қасиетін жоғалтпауы деп есептеймін. Біздің тәуелсіз мемлекетіміздің тірегі болатын ол қазіргі жас ұрпақ, сол мемлекетімізді биік шыңдарға жеткізу, халқына қызмет ету тек қана дені сау жастарымыздың қолынан келеді.

Нашақорлық туралы қаншама айтылып, көрсетіліп жүрсе де, оның азаймағаны рас. Сондықтан бұл дертпен жалғыздыққа күреспей, ел болып, халық болып біріге күрессек ғана оның алдын ала аламыз. Нашақор жан-дардан дүниеге дені сау перзент келуі екі талай, себебі есірткі дүние есігін әлі ашпаған, іште жатқан сәбидің ағзаларын ұлайды, сондықтан жастар ойланайық, болшақ ұрпағымыздың өміріне балта шаппайық.

Ш.АБАЕВА,
Созақ аудандық орталық ауруханасының нарколог дәрігері.

Сыбайлас жемқорлықпен күрес-баршамызға ортақ іс

Адамзатқа ертеден таныс сыбайлас жемқорлық-заманмен бірге өсіп-өркендеп, бүгінге дейін жойылмай отырған дерттің бірі. Президентіміз өзінің әрбір Жолдауларында ұлттық қауіпсіздік пен қоғамдық тұрақтылыққа төнген қатер ретінде сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес жөніндегі жалпыхалтық кешенді бағдарламаны дәйекті түрде жүзеге асырудың қажеттігін айтып, сыбайлас жемқорлық қоғамның барлық мүшелеріне қатысты екендігін, сондықтан жемқорлықпен күрес жалпы барша халықтың борышы екенін атап көрсетті. Сыбайлас жемқорлықтың жиі бой көрсететін, ең қауіпті түрі-парақорлық. Бірінші кезекте пара берудің себептерін, пара алудың жағдайларын түп-тамырын жою үшін қоғам болып белсенділік танытуымыз қажет. Яғни пара беру де, пара алу да-қылмыс екендігін қоғамдық санаға қалыптастыру қажет. Парақорлық мемлекеттің қалыпты қызмет етуіне бөгет болып, билік және басқару органдарының беделіне нұқсан келтіреді, халықтың конституциялық құқықтары мен заңды мүдделеріне қысымшылық жасайды. Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес туралы» Заңында: «Сыбайлас жемқорлықпен күресті барлық мемлекеттік органдардың, ұжымдардың, жергілікті өзін-өзі басқару органдарының басшылары өз өкілеттілігінің шегінде өздерінің кадр, бақылау, заңгерлік және өзге де қызметтерін тарта отырып, заң талаптарының орындалуын қамтамасыз етуге міндетті» деп көрсетілген. Сондай-ақ Созақ ауыл әкімдігінің кіре берісінде арнайы «Сенім жәшігі» орнатылып, сенім телефоны қойылған. Одан бөлек ауыл әкімі аппаратында болатын сыбайлас жемқорлықты болдырмау, алдын алу мақсатында өтетін семинар кеңестерді және жиналыстарды қорытындылағанда сыбайлас жемқорлықтың алдын алу және болдырмау шаралары туралы сабақтар өтіп тұрады. Бәріміз бір кісідей өз ісімізге және айналадағыларымызға адал болып, қанағат пен парасат биігінен көріне білейік.

Батыр АЯПОВ,
Созақ ауылының әкімі.

Іс-қимыл жауапкершілікпен айқындалады

Сыбайлас жемқорлық заңда қарастырылмаған жеке немесе дәнекерлер арқылы мүлктік игілікке және мемлекеттік функцияларды атқаратын басымды тұлғалардың және де соларға теңестірілген тұлғалардың, лауазымдық дәрежелерін қолдана отырып және де лауазымының мүмкіндіктерін өз мүддесіне қолдана отырып мүлктік табыс алу үшін жасалынатын қадамдар Қазақстан Республикасының «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңы салық органдарына аса маңызды құжат екені дәлелсіз. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы Заңын жүзеге асыру мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі мемлекеттік бағдарлама жасап оны іске асыру жөнінде алдағы жылдарға іс шаралар жоспары жасалынған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы мемлекеттік шаралар ұйымдастыру мемлекетіміздің құқықтық, әлеуметтік, экономикалық саяси дамуы мәселелерін кең ауқымда шешуге бағытталғаны анық. Мемлекеттік бағдарлама «Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың біріңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен Қазақстанның 2030 жылға дейінгі даму стратегиясын оның басымдықтарын іс жүзіне асыру үшін жасалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететіні сөзсіз. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем буып білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету.

Римма ДЭУРЕНБЕКОВА,
Аумақтық инспекциялық басқармасы басшысы.

Сыбайластықтың зауалынан сақтан

«Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы» Заңын орындаудың біріңғай механизмін қалыптастыру, барлық мемлекеттік органдардың іс әрекеттерін үйлестіру мен Қазақстанның даму стратегиясын оның басымдықтарын іс жүзіне асыру үшін жасалған. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес пен оның міндеттерін нақтылау мен шектеу саласында мақсатты бағытталған мемлекеттік саясат азаматтардың құқықтары мен заңды мүдделеріне, мемлекеттік қызметкерлердің кәсіби деңгейінің өсуіне әсер ететіні сөзсіз. Сыбайлас жемқорлық-елеулі зардаптарға әкеліп соқтыратын қауіпті жағдайлардың бірі. Сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес науқандық жұмыс емес. «Жемқорлық-індет, оны жою міндет», демекші, жемқорлыққа қарсы күрес қоғамымызда бір сәт те таластамауы керек. Бұл күрделі жұмысқа құқық қорғау, сондай-ақ сыбайлас жемқорлыққа қарсы күрес, құқықтық бұзушылықтың алдын алу жөніндегі бақылаушы органдар мен қоғамдық ұйымдар, бүкіл халық болып белді бекем буып білек сыбана араласу қажет. Біздің міндетіміз мемлекет өмірінің барлық салаларындағы сыбайлас жемқорлық деңгейін төмендету. Азаматтардың құқықтық білім деңгейін көтеріп, билікке деген сенімді нығайтып, жеке меншікті әсіресе шағын және орта бизнесті дамытып, әлеуметтік және саяси тұрақтылықты нығайтып, бюджетке барынша пайда келтіру мақсатында бар мүмкіндікті тиімді пайдаланып, ел ырысын ысырап қылар ынсапсыздыққа ырық бермей отырсақ игі іс болар еді.

Біржан АЛШЫНБЕКОВ,
Аудандық статистика басқармасының жетекші маманы.

Хабарландыру

«Буденовское «БК» ЖШС ҚР Экологиялық кодексінің талаптарына сәйкес 2024 жылғы 27 наурызда сағат 12.30-да Түркістан облысы, Созақ ауданы, Қаратау а. о., Бақырлы ауылы, ауылдық клуб мекенжайы бойынша «Түркістан облысы Созақ ауданындағы» Буденовское 6-7» кенішінен «Қаратау» кенішіне дейін құм тұндырғыштары мен Ш500 магистральдық құбырларын салу» жұмыс жобасына қоршаған ортаға ықтимал әсерді бағалау есебіне ашық жиналыс нысанында қоғамдық тыңдаулар өтетінін хабарлайды.

Қызметінің бастамашысы: «БК» Буденовское «ЖШС, БСН: 161040005807, Түркістан облысы, Созақ ауданы, Сарыжаз ауылы, 021 квартал, 627 гимарат. Тел. +7 (7252) 99-71-65 іш:45000.

Жобаны әзірлеуші: «KAZ Design & Development Group LTD» ЖШС, ҚР, Алматы қ., Навои к-сі, 74, ҚК131, БСН 040240007209, Тел.: +7(727) 225 77 00.

Жобалық құжаттама пакетімен Бірыңғай экологиялық порталында, сондай-ақ ЖАО «Түркістан облысының ТРЖТПРБ» сайтында танысуға болады.

Ұсыныстар Бірыңғай экологиялық порталында esportal.kz, сондай-ақ office@kazddg.kz. қоғамдық тыңдаулар өткізілетін күнге дейін 3 жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде қабылданады.

Қосымша ақпаратты келесі байланыстар арқылы алуға болады +77026616646, amirzhan.dinara@gmail.com.

Объявление

ТОО «СП «Буденовское», в соответствии с требованиями Экологического кодекса РК, сообщает, что 27 марта 2024 года в 12.30 ч. по адресу Туркестанская обл., Сузакский р-н, с.Бақырлы, Сельский клуб состоятся общественные слушания в форме открытого собрания к Отчету оценки возможного воздействия на окружающую среду к проекту «Строительство пескоотстойников и магистральных трубопроводов Ш500 от рудника «Буденовское 6-7» до рудника «Қаратау» в Сузакском районе Туркестанской области».

Инициатор: ТОО «СП «Буденовское», БИН: 161040005807, Туркестанская обл., Созакский р-н, с.Сарыжаз, 021 квартал, здание 627. E-mail: info@dportal.kz, info@kazddg.kz.

Разработчик проекта: ТОО «KAZDesign & Development Group LTD», РК, г. Алматы, ул. Навои, 74, оф.131, БИН040240007209, Тел.: +7(727) 225 77 00, Email: office@kazddg.kz.

С пакетом проектной документации можно ознакомиться на Едином экологическом портале, а также сайте МИО «УПРПР Туркестанской области».

Замечания/предложения принимаются в срок не позднее 3 рабочих дней до даты проведения общественных слушаний на Едином экологическом портале esportal.kz, а также по e-mail: office@kazddg.kz.

Дополнительную информацию можно получить по следующим контактам +77026616646, amirzhan.dinara@gmail.com.

Есірткіге еліту-теріс әрекеттер бастауы

Күн сайын әртүрлі химиялық құрамдарды пайдалану арқылы есірткінің жаңа жасанды түрлері психотроптық дәрі атауымен есірткі нарығында таралуда. Олардың кейбіреулерінің зияны бұрыннан танымал табиғи есірткілермен салыстырғанда күштілеу әрі көптеген мәселелер тудырады. Жасанды есірткіге тәуелді адамдарды емдеу де қиындау. Есірткі мафиялары «олар есірткі емес, қиындық тудырмайды» деген үгіттерімен адамдарды пайдалануға тартады.

Жыл сайын 26-шы маусымда дүниежүзінің әртүрлі елдері Есірткі және құймыс жөніндегі БҰҰ Басқармасының ұранымен есірткімен күресу күнін атап өтеді. Осы күні есірткі саласындағы дағдарыстар туралы айтумен қатар әртүрлі елдердің осы саладағы мәселелерді шешу жолдарына да көңіл бөлінеді.

Осы салада ағарту жол-

дары арқылы нашақорлықтың алдын алу, нашақорларды қоғамға қайтару жолындағы ақпарат құралдардың рөлі, есірткі өндіретін заңсыз егістіктерді жою, есірткі контрабандасымен айналысатын арналарды залалсыздандыру, елдердің нашақорлық пен есірткі контрабандасымен күресу саласындағы әріптестіктері сынды жобалар әртүрлі елдерде талқыланып, іске асырылады. Бірақ, өкінішке орай, әртүрлі қоғамдағы адамдардың есірткіге құмар болуы мен олардан туындайтын зардаптар мәдени құндылықтар мен ахлақтың құлдырауына, қоғамдық қылмыстардың өрістеуіне себеп болуда.

Жасанды есірткіге тәуелді адамдарды емдеу де қиындау. Есірткі мафиялары «олар есірткі емес, қиындық тудырмайды» деген үгіттерімен адамдарды пайдалануға тартады.

Статистикаға сәйкес есірткі әлем бойынша жыл сайын 250 мың адамның өліміне себеп болып отыр. Осы мәселенің экономикалық нәтижелерге теріс әсер етуімен қатар қоғамның психикалық саулығын шынайы қатерге тіреуде. Есірткіге тәуелді адамдардың санының көбеюі есірткі саудасымен айналысатындар үшін пайдалы. Заңсыз есірткі нарығының пайдасы тоқтамай, есірткі түрлерінің кеңейіп, нашақорлар санының көбеюімен бетпе-бет келеміз.

Созақ ауылдық әкімдігінде нашақорлықпен күрес бағытында іс-шаралар жоспары бекітіліп, сол шара бойынша салауатты өмір салтын қалыптастыру, бұқаралық спортты дамыту мақсатында көптеген игі бастамаларға ұйытқы болуда.

Батыр АЯПОВ,
Созақ ауылының әкімі.

Орманды тілсіз жаудан сақтайық!

Табиғаттың басты байлығы өсімдіктер, әсіресе қоршаған қалың орманды алқапты жоғалып, жойылып кетуден қорғап, жана-шырлықпен қарап көзіміздің ағы мен қарасындай сақтауымыз керек. «Бір тал кессен, он тал ек» деген қағида баршамыздың парызымыз деп санау қажет. Орманды алқапта, сексеулі тепе-теңдікті сақтап, қатты соққан жауынды желден, көптеген апаттардан қорғап қалады. Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға ықтасын пана беріп, жейтін азық болатынын естен шығармайық.

Қыстың қақаған аязды күндерінде жабайы аң-құстарға көмегіміз тисін десек- орманымызды сақтайық.

Табиғаттың өзі берген орман, оттегінің көзі екені де рас. Ауданымыздағы мол байлық орманды көздің қарашығындай сақтаған абзал.

Әсіресе өртке өте сақ болуымыз керек. Абайсызда жасалған өрт бүкіл орманды қиратуы мүмкін. Техникалардан шығатын ұшқындарға да абай болуымыз керек.

Сонымен қатар орманды бей-берекет бүлдіруге жол бермеуге тиіспіз. Табиғат аясында қыдырған, демалған кезде қалдықтарды далаға бей-берекет тастау дұрыс емес.

Айналамыздың керікті болуы бәрімізге байланысты. Тоғай-ормандарды өрттен қорғау-басты назарда болуы міндетті.

Бүкіл аудан тұрғындары қоршаған ортаның тазалығына, орманды жерлердің өсінуіне баршамыз болып атсалысқанымыз дұрыс. Сондықтан орман өрті болдырмауға сақадай-сай болғанымыз бәріміз үшін маңызды.

Бұл жұмыс тек орман қорықшысының ісі деп қарамауымыз керек. Оған барлығымыз жұмыла кірісуге тиіспіз.

Орман өрті болдырмау өз қолымызда жерлестер!

Дулат ШЕШЕНҚАРАЕВ,
Созақ орман және жануарлар әлемін қорғау мекемесінің орман-шебері.



Туған жер тарихы

Кіші жүз тайпалары 1450 жылдары Алтын орда хандығы құлағаннан кейін Керей-Жәнібек сұлтандар 480-500 мыңдай қазақ ұластары Еділ, Жайық, Орал, Ақтөбе жағынан үдере көшіп, өз алдымызға қазақ хандығын құрамыз деп Арқа төсіне көшіріп әкеліп, Сарысу мен Шу өзендерінің қиылысар тұсында таңбалы тас деген жеріне ордасын қондырып, сол жерде барлық рулар мен жүздерге таңбаларын, ұрандарын, қоныс жайлауларын белгілеп бөлістерін берген. Керей сұлтанды хан сайлаған қоныстары Сарысу өзенінің бойындағы Қатынның құмы мен Шу өзенінің бойындағы Мойынқұм өңірлерін белгілеп жаз жайлаулары Арқа төсі болса, қыстаулары Қатынның құмы мен Мойынқұм қыстағына көшіп қонып жүрген.

Керей мен Жәнібек көп ұзамай ордalarını Созақ қыстағына көшіріп, сол жерде көп жылдар хандық құрып, мекен еткен. Кейін Қаратаудың күнгей бетіндегі Сығанақ қыстағын хан ордасы етіп мекендеп, көп ұзамай ордасын қасиетті Түркістан шаһарына ауыстырып, қазақтың хандық құрған мекені боп қалған.

Кіші жүздер сол көшпен келіп Арқа мен Шу өзендері бойын мекен етіп қалған. Әр болыстың құрамында болып алым-салық төлеп отырған. Кейін мың түтін үй боп көбейген соң өз алдымыз болыс болып отырамыз деп ханға арызданған. Сол кездегі кіші жүздің игі жақсылары Құлтас, Оңдыбай, Тілеу қариялар Қаратау бөктерінен қоныс іздеп, қазіргі Қарабұлақ ауылының бер жағындағы Қарауыл төбе мен Түркіреуік өзенінің бойындағы биік төбенің бастарына белгі жасырып, ханан адам келгенде сол белгілерін көрсетіп, Құлтас атамиз көрінген бейітті құшақтап жылай берген. Мынау не істеп жатыр дегенде ата-бабасының бейітін танып жоқтап жылап жатыр дегесін хан өкілі мөрін басып осы жерлерді берген екен. Бұл жерлер орта жүз қоңыраттардың жері болған екен. Құлтас атамиз Ахмет-Бейсенбі деген ықпалды

билердің жиені екен, сол кісілердің де шарапатымен берілген болуы керек. Содан бір болыс болып алым салықтарын өздері төлеп отырған. Бұл кіші жүз болысын «Төрт ши» болысы деп атаған. Аталу себебі Абай, Ақтұма, Бірінші, Жетібай бұлақтары қалың ши болған. Сол себепті «Төрт ши» болысы деп аталған. Ең бірінші болыс Қошқарбай руынан Құлтас атамизды, оның биі болып Тілеу атамиз (алшын руынан) сайланған. Қазақ жүрген жері барлық уақытта айтыс-тартыстар болып отырады ғой. Содан біраз жылдан кейін ханға арыз түсіріп Құлтас атамизды болыс сайлап, Тілеу атамиз болыстың жанында биі болыпты. Осындай айтыс тартыстардың соңы біраз жылдан соң Оңдыбай атамизды да босаттарыпты да Қошқарбай руынан Сыздық атамизды болыс сайлапты. Бұл кісінің тұсында да Тілеу атамиз болыстықтың биі болып қала беріпті. Революцияның алдында болыстыққа Тілеу атамиздың баласы Ермбет болыс сайланған. Ол кісілердің туған жиені Батырбай менің нағашым айтып отыратын 270 тей майда мал, 12-13 жылқы баласын, тай-тұяқ жамбы, алтын, күмістерімізді оязға тарту етіп болыс сайлантқанбыз деп. Бұл қара күз уақыты болатын деп. Ол кезде Тілеу қарияның қартайып шамасы кеткен кез екен. Билікті Нұрымбет деген баласына өткізіп, билікті сол кісі атқарған.

Әрбір руларға тау бөктерінен тиелісі жерлерді бөліп берген. Қазіргі 10-15г саз Ақсораның үстінде қазірде «Құлтас сазы» деп аталатын жер Құлтас болыстың ағайындарына сонымен қатар Алтыбай, Жетібай бұлақтары да осы кісілердің иелігінде болған. Одан тыс тау бөктеріндегі «Борсылдақ» өзені сол тұстағы тау бөктерлері Қошқарбай аталардың иелігінде болған. Ал Жабал аталарға Арпа өзен, Сырғабай бұлақ, Тостаған, Ақтыма бұлақтарға иелік етіп, тіршілік етіп, өсіп-өніп отырған.

Сарымсақ өзені мен Дарбыт бұлағы Құрақ, Кенжебай атаға тиесілі болған, іштерінде көзі ашық оқыған азаматтар болған. Отырған жерлерінің бәріне жеміс тал, қара талдарды көптеп отырғызып, өзен бойы қалың ну тал болатын. Революционер Тәукебай Жәйшібеков осы Дарбыт өзенінің бойында дүниеге келген. Қойлыбай руына Шоқпанбет бұлағы, Қапшағай, Қоғалы сай жайлаулары қараған.

12 ата бай ұлына (алшындарға) қара тұма бұлағы, Райыс өзен, Қалымбеттің бұлағы қазір «Өрік ағаш» аталатын бұлақ, Қос бұлақ өзендері қараған. Райыс өзен аталуы бізді Қохан хандығы билеп тұрғанда Тілеу атамиздың жайлауы сол өзеннің кіре берісінде Тілеудің сазы деген жерде отырған өзбектерде бастық кісілерді «Райыс» деп атаған. Сол мағынамен бидің ауылын Райыс ауылы деп Райыс өзені аталған. Кейінірек Жағалбайлылар көшіп келгесін «Қара-үңгір» өзенін соларға жайлау етсін деп бөліп берген. Ал Жәгі аталарымызға қазіргі Қарабай бұлақ, Аюбек бұлақ, Мақан сай, Ақберген, Көк бұлақ жайлаулары тиген.

Осы Ақберген бұлақта атақты математик Ибаділда Ақбердиев дүниеге келген. Жоғарыда 12 ата Байұлына тиесілі қара Тұма бұлақта Алматы қалалық совет атқару комитетін 13 жыл басқарған Есен Дүйсенов, Байынбет бұлағында академик Смет Кеңесбаев, Қалымбет бұлағында көрнекті заңгер Іскендір Ермбетов дүниеге келген. Қасиетті жерлер. Ал Жыныс атаға келетін болсақ көне көз қариялардан естігенім бұл жер қалың ну ши «Жыңғыл, жабайы жиде, қалың шеңгел болған сол себепті қалың Жыныс ата деп атаған дейді, кейбір қариялар Қалмақпен соғыста Жүніс деген жас батыр осы жерде қайтыс болып, келе-келе Жыныс болып аталған дейді. Бірақ менің пікірім қалың ну Жыныс деген атау дұрыс қой деп есептеймін. Ал Дарбыт өзенінің бойында бейіт бар. Өлген

кісілерді сол жерге қойып келген, кейінгі жылдарға дейін соның әулиенің басына. Бір метрдей келетін сұрғыл түсті бетінде жазуы бар оны менің тұсымда ешкімде оқи алмаған сол тастағы жазуды 1977 жылы академик Смет Кеңесбаев келгенде қасында қызы Сәулені алып келген болатын. Қызы Ленинградтағы шығыс тану университетін бітірген. Шығыстану ғылымының кандидаты болатын. Сол қыз бұл жазу «дарқан» деген жазу-келе-келе Дарбыт аталған шығар деді. Ал Сыздықбек қария бұл жерде қалмақтың батыры «Дарбыт» деген осы жерде қайтыс болып жерленіпті. Соның атымен Дарбыт болған болуы мүмкін деген болатын.

Ал Жыныс атаға келетін болсақ Тілеу атамиз ағайындарын осы жерге қоныстандырып, Ташкент жақтан ұста алдырып, үлкен мешіт соқтырып, өлген адамдарды жерлейтін болған. Басында 2-і күмбезді қам laidан тұрғызылған әулие кесене тұрғызып. Кейін жел, жаңбыр, қардан мүжіліп, жартылай құлап қалды. Соның орнына жаңадан кесене тұрғызып беруін сұрап ҚРУ-дың директоры Неплоқовқа жиналыс жасап сұраған болатынбыз. Өкінішке орай әлеуметтік мәселеге бізде қаралған қаржы жоқ, деп сылтау айтты. ҚРУ-ға қарайтын СМУ-9 жеке СМУ-8 құрылыс мекемелері болатын. Соның СМУ-9-дың бастығы өзіміздің елдің азаматы Жұматай Мәркенбаев бұл тірлікті мен соғып беремін. Бірақ мені асықтырмаңыздар деген болатын. Алла аузына салған екен 2-3 жылдан соң ЦРУ-ға директор болып тағайындалып, ағам Керімбек екеуміз барып едік, Павлодар жақтан ақ кірпішке тапсырыс беріп қойдым келсе, ұста іздей беріңіздер дегесін Ташболат деген ұстаға барып мақұлдатып заттары түгел келгесін Сүйіндік деген ауылдың молдасының үйіне орналастырдық. Малы молдау кісілерден 1 малдан бергізіп 7-8 қой жаратылған кезде сол жылы күзде кесене толық бітіріліп, кіре берісіне плита төселіп, кішкене есік орнатып, Кесененің ішіндегі мүрдені қалпына келтіріп, үстіне пұлыш жауып, кілем тұтып, келген кісілер зиятар жасайтындай жағдайға келтіріп, арнайы шырақшы сайлап, есігі құлыптанбайтын етіп, ескірген талдың қасына өзінің бұтағынан және 2-3 тал отырғыздық. Басына құран бағыштадық, жылда бір күнді сенбілік жасап, мүрденің қоршауының ішін бөгде заттардан тазалап тұрамыз. Ал мешіті құлап, ішіне мал, бала-шаға кіре бергесін құран оқытып, үлкен трактор әкеліп, жан жағын қоғамдап, үйдіріп қойдым. Колхоз кезінде контор, кітапхана, қойма, сияқты тірліктерге жаратып отырды.

Әулиенің басында 2-3 дәу ағаш өсіп тұратын колхоз кезінде. Дүкеннің көмірі үшін ағашын кестіріп, Торғай деген қарияға кестірген екен колхоз бастықтары. Кесіп келген түні тамағынан дем ала алмай ауырып, әрең шығатын боп қалды. Жыныс ата әулиенің сондай кереметі бар. Қазір де басына зиярат жасаушылар келіп тұрады. Жалпы менің білетіндерім осы. Мына жерді дұрыс емес деген ағайындар болса хабарласып түзетіп жатар. Мен тарихшы да, журналист те емеспін. Естіген, білген, оқыған, ойыма түйген жағдаяттарды қал-қадірімнің жеткенінше жаздым.

Бердібек ЕСБЕРГЕНҰЛЫ,
Созақ ауданының Құрметті азаматы.

Сенімгерлік басқарушы:

"Agro-sozak" ЖШС

Меншік иесі-

"Созақ үні" газеті редакциясы"
жауапкершілігі шектеулі серіктестігі

Директор:
Абилпаттаев Ержан
Бакытжанович

Бас редактор:
Теңізбаев Сәрсенбек
Сайлаубекұлы
Жауапты хатшы:
Мақсат Қарғабай

Редакция құрамы:
Аға тілшілер-
Нұржамал МАЙУСОВА
Данияр БЕКОВ
Тілшілер-
Нұрсұлтан ШЕРТАЕВ
Біржан ЖАНДӘУЛЕТОВ
Дизайнер-
Асхан БАҚТЫБАЕВ
Терімші-
Бағила АЯЗБАЕВА
Фототілші-
Құрманш КЕРІМҚҰЛОВ

Қолжазбалар еңделеді, қайтарылмайды және оларға пікір жазылмайды. Редакция авторлық мақаласы мен жарнама мазмұнына және өздері әкелген суреттің сапасына жауап бермейді. Кей суреттер интернеттен алынады.

Компьютерлік бетпен өкі жарым беттен (250 жол) асқан материалдар қабылданбайды.
Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Коммуникациялар Министрлігі Ақпарат комитетінде 2018 жылдың 6 қаңтар күні Астана қаласында тіркеліп, мерзімді баспасөз басылымын, ақпарат агенттігін және желілік басылымды есепке қою, қайта есепке қою туралы №17391-Г куәлігі берілген.
Газет редакцияның компьютер орталығында теріліп, беттелді. «Ар-принт» баспаханасында басылды. Шымкент қаласы, Ж.Ташенов көшесі, №24.

Таралу аумағы: Қазақстан Республикасы

Газет А-3 көлем форматта аптасына 2 рет шығады
Индекс 64450

Редакцияның мекен-жайы: 161000, Шолақорған ауылы, С.Қожанов көшесі, байланыс телефондары 4-15-30 (факс), 4-25-19, 4-28-97

А-ақысы төленген

тапсырыс №
таралымы -
3300 дана

Кезекші редактор:

М.Қарғабай.